

«МИТТАЛДАР»
ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
МҮДДЕНІ
МЕНСІНБЕЙ МЕ?

4-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖАҢҒЫРУ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ

6-7-бет



АЛЫПТЫҢ АНАСЫ –
ХАЛЫҚТЫҢ АНАСЫ

16-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №52 (870), 30 jeltoqsan, 2019 jyl




## ЖЫЛ АДАМДАРЫ – 2019

«ҚАЗАҚ ҮНІ» республикалық қоғамдық-саяси газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталының «ЖЫЛ АДАМЫ – 2019» таңдаулылары анықталды! «Қазақ үні» газеті мен Qazaquni. kz ұлттық порталының 2019 жылғы «Жыл адамдары» сараланды. Еліміздің еңселі болуы үшін еңбектеніп жүрген ел азаматтарының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларын атап өту мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан осынау жоба аясында оқырмандар қалаған тұлғасын таңдай алды.

8-9 бет

# АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ, ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ КЕРЕК



2 бет

Бұл біздегі бірінші әуе апаты емес, осыдан бұрын да осы тектес оқиғалар болғанды. Жиырма жылдан аса қолданыста болған бұл ұшақтың техникалық ахуалы да айтарлықтай күмән тудырады. Біздің басты байлығымыз – адамдарымыз, сондықтан әуе тасымалына көрінген компанияны кіргізу тікелей қауіп төндіреді. Ажал мен апат атаулы айтып келмейді, сондықтан оның алдын алу шараларын қашан да есте ұстағанымыз жөн. Қайғылы оқиға қайталанбас үшін Мемлекет басшысының осы саланы мықтап тексеру керектігі жөніндегі тапсырмасын мұқият орындау қажет. «Қазақ үні» газеті ұжымы мен оның қалың оқырмандары қайтыс болған жолаушылардың отбасына, туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтып, зардап шеккен адамдардың тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдіреді.

# ЖЕМҚОРЛЫҚ БАЛАНЫҢ ЕМЕС, ЛАУАЗЫМДЫЛАРДЫҢ «ОЙЫНЫ»



Тамырын тереңге жіберіп, еліміздегі барлық саланы жайлаған сыбайлас жемқорлықтың «қызық-шыжығын» өткен ширек ғасырдан аса уақытта өз көзімізбен көріп, басымыздан өткеріп келеміз. Ұрандатып жүргізіп жатқан күрестің өзі ұзақ ертегі-дастанға айналып кетті. Оның қасында ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып жеткен, көптеген нұсқасы бар қазақтың эпостық жырларының өзі орта жолда қалды. Жалаң ұран мен жалған күрес осы күнге дейін нақты нәтиже берген емес. Жемқорлық өзінің жеңісті жолын әлі де жалғастырып келеді, жақын арада жер жастанатын түрі жоқ...

3 бет



И.ӘБІШЕВТІҢ СОТТАҒЫ СӨЗІ:

## «МЕНІ ҚАЛАЙ ДА СОТТАУ КЕРЕК БОЛСА, БАСҚА АЙЫП ТАҒЫҢДАР, МЕН БІРДЕН МОЙЫНДАЙМЫН...»

10 бет

# ЦЕЛИТЕЛЬ, КОТОРЫЙ МЕНЯЕТ СУДЬБЫ ЛЮДЕЙ



Все люди проходят между жизнью и смертью, но и сама жизнь порой полна болезней, страданий и без здоровья не приносит счастья. Ведь жизнь должна быть без тяжелых болезней – сама природа позаботилась, чтобы люди разумно относились к жизни и берегли здоровье. Однако разумный подход к здоровью нередко пренебрегается людьми: курят, пьют спиртное, неправильно питаются, ведут нездоровый образ жизни, а негативные мысли «засоряют» душу, неправильные поступки ухудшают энергетику человека.

12 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380



# АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ, ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ КЕРЕК

**Желтоқсанның 27-і күні таңертең Алматы әуежайы маңына «Bek Air» әуе компаниясының «Fokker-100» ұшағы құлады. Ұшақта 93 жолаушы мен экипаждың бес мүшесі болған. Алғашқыда түрлі қарама-қайшы ақпарат тарағанмен ресми мәлімет бойынша, 12 адам қаза болған. Ұшақ апатына байланысты Президенттің жарлығымен желтоқсанның 28-і жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды.**

Апат орын алысымен құтқару қызметі шұғыл іске кірісті. Зардап шеккен адамдар дереу қала ауруханаларына жеткізіліп, елімiздегі білікті дәрігерлер ауыр жарақат алғандарды ажалдан құтқаруға кірісті. ҚР Премьер-министрі бастаған үкіметтік комиссия құрылып, оқиғаның мән-жайын жіті тексеріп жатыр. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қайтыс болған адамдардың отбасына, туған-туысқандарына көңіл айтып, үкімет мүшелерін жинап, шұғыл кеңес өткізді. Осы орын алған қайғылы жағдайға байланысты министрлер мен сала басшыларына қолдан келген барлық күшті жұмылдыруға тапсырма берді. Зардап шегіп, ауруханаға түскен жолаушылардың емделуін министр Е.Біртанов тікелей өз бақылауына алды. Қ-Ж.Тоқаев қайтыс болған адамдардың отбасына әрқайсысына 4 млн. теңгеден жәрдем берілетінін мәлімдеді. Үкімет тарапынан зардап шеккендерге де жан-жақты көмек көрсетілетін болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сонымен бірге Қазақстандағы барлық әуе компаниясының жұмысын тексеруді, Алматы әуежайының аумағына жақын орналасқан жеке құрылыстардың заңдылығын зерттеу жөнінде шара қабылдауды тапсырды.

Жұрт жаңа жылды лайықты қарсы алу қамына кірiскен кезде бұл қаралы оқиға қазақстандықтардың қабырғасын қайыстырып кетті. Қарапайым халық та қарап қалмады. Қала тұрғындары зардап шеккендер үшін аса қажет қан өткізу кезегіне тұрды. Апат болған Гүлдала ауылының тұрғындары құтқару жұмысында жүргендерге ыстық тағам ұйымдастырып, көмек көрсетті.

Бұл біздегі бірінші әуе апаты емес, осыдан бұрын да осы тектес оқиғалар болған-ды. Жиырма жылдан аса қолданыста болған бұл ұшақтың техникалық ахуалы да айтарлықтай күмән тудырады. Біздің басты байлығымыз – адамдарымыз, сондықтан әуе тасымалына көрінген компанияны кіргізу тікелей қауіп төндіреді. Ажал мен апат атаулы айтып келмейді, сондықтан оның алдын алу шараларын қашан да есте ұстағанымыз жөн. Қайғылы оқиға қайталанбас үшін Мемлекет басшысының осы саланы мықтап тексеру керектігі жөніндегі тапсырмасын мұқият орындау қажет. «Қазақ үні» газеті ұжымы мен оның қалың оқырмандары қайтыс болған жолаушылардың отбасына, туған-туысқандарына қайғырып көңіл айтып, зардап шеккен адамдардың тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдіреді.

# ӨЗІМІЗДІ ӨЗІМІЗ ТҰНШЫҚТЫРЫП ЖАТЫРМЫЗ

**Экология министрлігі жүргізген зерттеудің соңғы нәтижесі бойынша еліміздегі ауасы ең лас деп Қарағанды мен Павлодар өңірі танылды. Ауаны көп ластайтын көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станциялары, тау-кен металлургия секторы, мұнай өндіру мен көлік құралдары екен.**



2018 жылы ауаға тараған лас қалдықтардың көлемі екі жарым миллион тоннаға жеткен. Әрі ол жыл сайын 100 мың тоннаға өсіп келеді. Оның үстіне қазір ел аумағындағы үш жарым мың полигонда 120 миллион тоннадан астам тұрмыстық қатты қалдық жинақталған. Оған жыл сайын 5 миллион тоннадан тағы қосылып отыр. Биылдан бастап пластмассаны, макулатураны, картон мен қағаз қалдықтарын және шыныны көмуге тыйым салынды. Алайда өңірлерде тиісті инфрақұрылым болмағандықтан, бұл шара да орындалмай отыр дейді министр Мағзұм Мырзағалиев. Егер тиісті шара қабылданбаған жағдайда, 2030 жылы болжам бойынша ластаушы заттардың эмиссиясы 3,6 млн. тоннаға дейін өседі екен.

Әділін айтсақ, билік басындағылар халық денсаулығына салғырт қарайды. Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап, іске асыруды ұсынған «Табиғат» қоғамының бастамасын кезінде Алматы әкімдігі сот арқылы тоқтатып тынғаны белгілі. Ал сол қалдықтарды сұрыптау арқылы қаншама пайда тауып, тазалық сақтауға болушы еді. Енді сол бастаманы ондаған жылдар өткенде қайта іске кіргізбекші. Ал, алпауыт кәсіпорындар тұрғындардың арызына пысқырып та қарамайды, тек көбірек пайда табуды ғана біледі. Оларға ауаны ластағаны үшін айыппұл төлеген анағұрлым ыңғайлы. Ақырында біреулердің қалтасында кететін ол айыппұлдан тұрғындарға не пайда?

# ҚАЛАМГЕРЛЕР ГРАНТҚА ИЕ БОЛДЫ

**Алматы әкімі Бақытжан Сағынтаев 60 ақын-жазушыға ақшалай грант табыстады. Грантқа үміткерлерді Қазақстан Жазушылар одағының комиссиясы анықтады. Грант сомасы – 500 мың теңге.**

Әкім грантын алғандардың ішінде драматург Дулат Исабеков, жазушы Зейнеп Ахметова, Светлана Ананина, Қанағат Әбілқайыр, Бақыт Беделханұлы, Ақберен Елгезек, Жүсіпбек Қорғасбек және басқалары бар. Зиялы қауым өкілдері қаржылай сыйлық көңілдерін бір марқайтып тастағанын айтады. «Бұл қолдау арқаны кеңге салмай, қайта еліміздің мәдениеті мен әдебиетін дамытуға белсене атсалысуға шақырады», – дейді олар.

«Ақын-жазушыларға көп нәрсенің керегі жоқ. Бізге осылай көңіл бөліп, арқамыздан бір қағып қойса болды. Соның өзі үлкен шабыт береді. Жастар жазуға ұмтылады, қоғамға керек екендерін сезінеді», – деді Дулат Исабеков.

Жалпы Жазушылар одағының 820 мүшесі бар, оның 360-сы Алматыда тұрады. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев ұлтымыздың дамуына айтулы үлес қосқан азаматтардың еңбегі елеусіз қалмайтынын атап өтті.

# ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРША ШЫҒЫНЫН ШЕКТЕУ КЕРЕК

**Ақтаулықтар жергілікті билікті қаланы жаңа жыл мерекесіне безендіруге шамадан тыс ақша жұмсады деп айыптады. Белсенділердің айтуынша, бақандай 37 млн. теңге қаржы бөлінгенімен, қала көркінің өзгерген ештеңесі жоқ.**

– Осыншама қаржы жаратылды дегенге сену қиын. Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы шыршаны көрдік, ойыншықтары да жоқ. Меніңше, өткен жылғыны қолдана салған сияқты. Былтыр да дәл осындай жағдай болған. Ол кезде де наразылық білдірген едік, – дейді қала тұрғыны Вероника Шведикова.

Бөлінген қаражатқа биыл Ақтауда үш шырша қойылған. Оның екеуі төрт жыл бұрын сатып алынған көрінеді. Атқамінерлер шырша ескі болғанымен, есесіне түрлі-түсті шамдардың жаңа екенін айтып мақтанды. «Оны қаланың ең көрікті жеріндегі талдарға ілдік», – дейді. Онысы облыс және қала әкімдігінің аланы болса керек. Себебі, тек осы төңірек қана жарқырап тұр. Ал сатып алынған жалғыз шырша мереке өтетін жағалауда орнатылыпты. Сондай-ақ, билік өкілдері қаланы безендіруге шамадан тыс қаржы жұмсалды деген «бекер» дейді. Тек қана бір шыршаны 9 млн. теңгеге бағалапты. Не деген астамшылық, бұл мәселе еліміз бойынша жылда көтеріледі. Басқа қалалардағы жағдай да осыған ұқсас. Басшылар жергілікті бюджеттен ақша бөліп, оны жымқырудың оңай әдісін тауып алған. Ал, тұрмысы төмендерге көмек керек болғанда «ақша жоқ» деп ауыздарын құрғақ шөппен сүртеді.Осы мәселені реттейтін күн қашан туады?

# ӘЙЕЛДЕРДІҢ АЙТАР АРЫЗЫ БАР

**Елімізде әйелдердің құқықтары жиі бұзылады. Әсіресе, ер-азаматтар басқаратын салада нәзік жандылардың құқығы көп тапталады. Еліміздің іскер әйелдері Сенат спикері Дариға Назарбаеваға осылай шағымданды.**

«Қазақстан әйелдері күштерінің альянсы» жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, елдегі ер-азаматтар бизнес, саясат және экономикада өздерін ең мықтымыз деп санайды. Ал әйелдер олардың пайымынша, үйде отырып, бала тәрбиесімен айналысуы ғана қажет. Мысал ретінде әйелдердің жәбір көріп, зорлық-зомбылықтан қорғана алмай жүрген деректері де айтылды. Соның қорытындысы бойынша Альянс мүшелері Назарбаеваға өздері әзірлеген әйелдерді әлеуметтік қорғау ұсынысын жеткізді. Оған аналық капитал, тұрғын үй сертификаты да кіреді. Сондай-ақ, ана мен баланы зорлық-зомбылықтан қорғау үшін мобильді қосымша және психолог пен заңгердің көмегін тегін ұйымдастыруды беруді сұрады. Сенат спикері бұл ұсынысты жоғары бағалап, қолдау көрсететінін жеткізді.

# ТЕХНИКА САТЫП АЛУ – КӘСІПОРЫННЫҢ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕСІ

**Орал қаласында Мәслихат депутаттар қоқыс тарифын бірден 33 пайызға өсіруді заңдық тұрғыдан бекітіп беріп тұрғындардың наразылығын тудырды. Әкімдіктегілер бұл өзгеріске қалдық жинайтын мекемедегі техниканың тозуы мен азаюы түрткі болды дейді.**

Орал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлім басшысының міндетін атқарушы Қанат Өмірълиевтің айтуынша жеке мекемелерге берілгеннен кейін бүгінгі таңда техниканың ескіруі, қаланың ұлғаюы және адам санының көбеюіне байланысты тарифтерді көтеру ұсынылған. Осы күнге дейін көпқабатты үй тұрғындары жан басына айына 216 теңге төлесе, жаңа баға бойынша 286 теңге, ал жер үйдегілер 292 теңге төлейтін болды. Бүкіл елімізге ортақ бір мәселе бар. Су, жарық немесе өзге де қызметтер бағасын көтергенде техникалық құралдардың ескіргенін алға тартады. Ал, шын мәнінде ол жылына миллиардтап пайда табатын кәсіпорындардың жеке проблемасы. Ол үшін неге адамдар жауапты болуы керек? Тұрғындар тек қана көрсетілген қызметке ғана ақша төлеуге міндетті емес пе?

# ЖАСТАР ЖЫЛЫН ТАБЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

**2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялануы қазақстандық жастарға жігер, ертеңге деген үміт бергені анық. Жастар жылын лайықты қорытындылаған оқу орнының бірі – Түркістан облысындағы Кентау көпсалалы колледжі.**

Білім ордасының «Әскери патриоттық және дене тәрбиесі» пәндер бірлестігінің жүйелі жұмыс жүргізуінің нәтижесінде студенттер өздерінің жан-жақты жоғары қабілеттерін көрсете білді. Атап айтқанда, «Жастар жылының» аясында «Қала күнінің» құрметіне Кентау қаласындағы мектеп оқушылары, арнаулы орта білім беретін оқу орындары арасында өткен баскетбол жарысында колледж студенттері жүлделі 2-орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, Түркістан облысы жастары арасында «Түркістан – жастар қаласы» атты жастардың мәдениеті мен шығармашылығын дамыту бағытындағы кешенді жобада «STREETBALL» турнирінде 2-орынды иеленді. Мұнан өзге де білім, ғылым, мәдениет пен өнер саласындағы байқауларда биік деңгейден көріне білді. Бұл колледж студенттерінің «Жастар жылына» деген тартуы.

Мұрат АЛТАЕВ

**Тамырын тереңге жіберіп, еліміздегі барлық саланы жайлаған сыбайлас жемқорлықтың «қызық-шыжығын» өткен ширек ғасырдан аса уақытта өз көзімізбен көріп, басымыздан өткеріп келеміз. Ұрандатып жүргізіп жатқан күрестің өзі ұзақ ертегі-дастанға айналып кетті. Оның қасында ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып жеткен, көптеген нұсқасы бар қазақтың эпостық жырларының өзі орта жолда қалды. Жалаң ұран мен жалған күрес осы күнге дейін нақты нәтиже берген емес. Жемқорлық өзінің жеңісті жолын әлі де жалғастырып келеді, жақын арада жер жастанатын түрі жоқ...**

# ЖЕМҚОРЛЫҚ БАЛАНЫҢ ЕМЕС, ЛАУАЗЫМДЫЛАРДЫҢ «ОЙЫНЫ»



Біздің қалың оқырмандарымыз газетіміздің биылғы жылғы беташар санын «Жылды жемқорлықпен жауып, жемқорлықпен аштық» атты мақаламен бастағанымызды жақсы біледі. Жыл басталмай жатып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бір комитет төрағасы мен полиция қызметкерлері, салық органдарының өкілдері мен медициналық мекеменің бас дәрігері, тағы да бірнеше мемлекеттік қызметкердің қолына кісен салғанын жариялаған едік. Бұл бір жұмаға жетер-жетпес уақытта орын алған қылмыстар болатын. Одан кейін де жыл бойы жүздеген жемқорлар ұсталды. Осы тақырыпта бірқатар материалдар жариялап, жемқорлықпен күрестің пәрменсіз жүргізіліп, нақты нәтиже бермей жатқанын әлденеше рет жазғанбыз. Оның ұтымды жолдарын ұсынған оқырмандарымыздың ой-пікірлерін де айтып келдік. Бірақ оны ескеріп, назарына алған билікті көрмедік. Амал жоқ, енді мыңдаған оқырманы бар басылымның жылжабар санын да сыбайлас жемқорлық жайындағы мақаламен түйіндеуге тура келіп отыр.

Үстіміздегі жылда орын алған жемқорлыққа қатысты барлық қылмыстарды жіпке тізбей-ақ, көктемнен басталып, жыл соңына, яғни, осы күнге дейін елді шулатып жатқан экономикалық ең ірі қылмыстардың бірі – астанамыздағы Жеңіл рельс көлігі (ЛРТ) құрылысын атасақ та жетіп жатыр. Президенттің тапсырмасымен ұзақ тексерулерден соң бұл атышулы құрылысқа бөлінген қыруар қаржыны қымқырғандар белгілі болды. КТК телеарнасының хабарлауынша, тізімнің басында елорда әкімінің бұрынғы орынбасары Қанат Сұлтанбеков пен «Астана ЛРТ» компаниясының басшысы Талғат Ардан тұрған көрінеді. Бұл екеуі де шетел асып үлгерген, құқық қорғаушылар әдеттегідей олардың орнын сипап қалды. Сондықтан, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне халықаралық іздеу жариялаудан басқа амал қалмағанға ұқсайды. Қылмысты құрылыстың құпиясы әлі де толық ашылмаған сыңайлы, агенттік миллиардтаған ақшаның ұшты-күйлі жоқ болуының сырын әлі де анықтап жатыр. Бұл былыққа тағы да бірқатар жеке және шетелдік компания басшыларының қатысы бар болып шықты. Көпшілікке өзінің қаржы қымқыруептілігімен танымал Қанат Сұлтанбеков жол құрылысының миллиардтарын жеп болған соң, «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясына ауысып, жемқорлық әрекетін одан әрі жалғастырыпты. Осыдан екі жыл бұрын ол «Қазақстан инжинирингті» басқарып отырып, пара алғаны үшін ұсталған еді. Сол үшін былтыр 10 жылға сотталайын деп тұрған жерінен 2 миллиард теңгеден астам айыппұл төлеп, түрмеден құтылған-ды. «Құрылыспен айналысуға тиісті негізгі мердігер компаниялардың директорлары қосалқы мердігерлермен қымбат бағаға келісім жасап, содан көрген пайдасын жалған кәсіпорындар арқылы қалталарына басып отырған. Бәрін қоса есептегенде, мемлекетті 5 миллиард теңгеден астам шығынға батырған. Қазір аталмыш іспен қала әкімдігінің басшылық құрамынан 5 лауазымды тұлға, ал мердігер ұйымдардың 6 басшысы жауапқа тартылып жатыр», – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департамент басшысы Сергей Перов. Олардың бесеуін күзетпен ұстап отырса, Сұлтанбеков, Ардан және мердігер компаниялардың бірінің басшысы Рахымбеков – үшеуіне халықаралық іздеу жарияланған. Ал, үш күдікті кінәсін мойындағандықтан қамауға алынбапты. Ұсталғандардың бірі елорда Мәслихатының хатшысы Жанат Нұрпейісов екен. 58 жастағы депутат 2016 жылға дейін әкімдіктің Қаржы, сонымен бірге Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармаларын басқарып, құрылыстың бағасы тым асыра көрсетілсе де мақсатты түрде қолдап, соған жол берген. Жыл соңына дейін бұл ірі қылмыстық іс толық зерттеліп бітпекші.

Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен жыл сайын 9-желтоқсан – Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күні ретінде атап өтілетіні белгілі. Бұл игі шара 2003 жылы желтоқсанның 9-ы күні Мексикада өткен жоғары деңгейдегі саяси конференцияда ұсынылған болатын. Аталмыш конвенцияға 186 ел қосылған. Қазақстан бұл құжатты 2008 жылы мамырда ратификациялады. Яғни, бұл құжат талаптарын Қазақстан үкіметі де орындауға міндетті. Transparency International (TI) халықаралық ұйымының жыл сайын жариялайтын деректері бойынша, Қазақстан 2017 жылы 180 елдің арасынан 122-орында қалған. Халықаралық ұйымдардың айтуынша, 2018 жыл тағы да екі саты төмендеп 124 -ші орынға түскен. Демек, біз сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша әлемдік қауымдастық алдында ұяттымыз деген сөз.

Жылдағы үрдіс бойынша жақында ғана Елордада Біріккен ұлттар ұйымы мен Франция, Молдова өкілдері жемқорлықтан құтылудың жолын талқылаған халықаралық сарапшылардың қатысуымен бесінші рет жемқорлыққа қарсы конференция өтті. Бұл жиынға ұйытқы болғандардың бірі – Тұңғыш Президент қоры. Біздің елде аталмыш мәселемен тікелей айналысатын Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі бар екені белгілі. Агенттік жүргізген сауалнамаға сәйкес, қазақстандықтардың жартысынан астамы елде жемқорлық жағдайларының азайып келе жатқанын атап өтіпті. Көңілде күмән болғанмен, бәлкім бұл деректер де рас шығар. Дегенмен, соған қарамастан, агенттік мемлекеттік қызметкерлерді әдептілік бойынша тексеруден өткізгісі келетінін білдіріпті. Онысы құптарлық әрекет. Ал ұйымдастырушылар жағы жемқорлықпен күресудің басты қаруы – қоғамдық бақылау деген тоқтамға келген секілді. «Жемқорлықпен күрес деп айтып жүргеніміз баланың ойыны болып кетпес үшін азаматтық қоғам мен халықаралық серіктестер тарапынан қатаң бақылау болу керек. Қазақстан мұндай бақылауға оң көзқарас танытады. Осындай конференцияның өтуі соның дәлелі» - депті осы отырыста ҚР Тұңғыш Президенті қоры атқарушы директорының орынбасары Игорь Рогов. (КТК, 10-12-2019ж.) Айта кетелік, Баку қаласында дүниеге келгенмен, оқып, өсіп-өнген бүкіл саналы ғұмырын Қазақстанда өткізген Игорь Рогов ҚР Президентінің көмекшісі, кеңесшісі, Әділет министрі, ҚР Конституциялық Кеңестің төрағасы (2004-2016 ж.) сияқты талай жоғары лауазымды қызметтерді атқарған. Конституциялық Кеңес Халықаралық келісімдердің, Парламент қабылдаған және Президент қол қойған заңдардың Конституциямен сәйкестігін қарайды, яғни заңның дұрыс қабылданып және орындалуын қадағалайды. Рогов заң ғылымдарының докторы, профессор. Ең бастысы, докторлық диссертациясын «Экономикалық қылмыстармен күресудің проблемалары» тақырыбында қорғаған. Экономикалық қылмыспен күресуде ол қандай жаңалық ашқанын білмейміз, осы тақырып бойынша докторлықты қорғаған соң жемқорлық мәселесін бес саусағындай біледі деген сөз. Бір ғажабы, отыз жылға жуық саясат пен заң саласында жоғары лауазымдарда жүрген Роговтың сыбайлас жемқорлықпен қалай күресу керектігі туралы тұщымды пікірін естімеппіз. Білгір маман ретінде И.Рогов осыдан кем дегенде ширек ғасыр бұрын онымен күресудің тиімді жолдарын көрсетіп дабыл қағу керек еді. Неге екенін, зейнеткерлікке шығып, Тұңғыш Президент қорының атқарушы директорының орынбасары болған кезде ғана өзінің осы саланың білгірі, ғылым докторы екенін есіне алғандай. Онда да тың ой айтып жарытпағаны көрініп тұр. Бұл ойды жыл басында жариялаған мақаламызда оқырмандарымыз айтып қойған болатын. Сенбесеңіздер соның көшірмесін тұтастай ұсынайық:

1.Мемлекеттік қызмет ашық болмай жемқорлық жойылмайды, тәжірибе көрсетіп отырғандай қомақты қаржы ұрлығын лауазымдылар ғана жасайды. Бір салада қылмыс болды ма, министрлік басшыларын мүліктерін тәркілеп, түгелдей отставкаға жіберіп мемлекеттік қызметтің маңына жолатпау керек. Ұры министрді бір орыннан екінші қызметке ауыстыру жемқорлықты жалғастырады. Бізде онсыз да тамыр-таныстық, туыс-туғандық байланыстар жақсы дамыған.

2. Жемқорлыққа қарсы заңды барынша қатайту қажет. Мысалы, Қытайда мыңдаған жемқорлар атылды, Солтүстік Корея президенті өзінің туған нағашысын өлім жазасына кескені белгілі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғамның белсенділігі артуы керек. Барлық тұрғындарымыздың аталмыш қылмысқа төзімсіздік қабілетін қалыптастыруы аса қажет.

Игорь Роговтың қоғам тарапынан бақылау қажеттілігі деген пікірі оқырмандар ойымен сәйкес келіп тұрған жоқ па? Ал, жемқорлық балалардың емес, ол лауазымдылардың «ойыны» екенін Рогов мырзаға түсіндірудің қажеті жоқ шығар. Оған ұрлық жасаған лауазымды қызметкерлердің Құдайдың құтты күні ұсталып жатқаны нақты дәлел.

Теориялық тұрғыдан алғанда, арнайы қабылданған қолданыстағы заңдарымыз бойынша бізде жемқорлықпен күресуге барлық мүмкіндіктер жасалған. «Жемқорлықты қырамыз да жоямыз!» дегенге саятын неше түрлі бағдарламалар мен жоспарлар да жарияланды. Егер соның бәрін толық орындағанда жемқорлықтың өзін жеп қоятын уақыт болды. Өкінішке орай, осы күнге дейін өзіміз сол жемқорлықтың құрбаны болып келеміз. Бұл жерде біз Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі түк бітірмей отыр деуден аулақпыз. Себебі, олар жұмыс істемесе жүздеген жемқорлар мен парақорлар ұсталып, көзіміз көріп отырғандай заң алдында жауап беріп жатпас еді. Жемқорлықты түпкілікті жеңе алмауымыздың өзге де себептері толып жатыр.

Осы жерде «Мемлекеттік қызмет ашық болмай жемқорлық жойылмайды...» деген біздің оқырмандар ойына баса назар аударғымыз келеді. Оған бір ғана мысал келтірейік. Айталық, Алматы облысы әкімінің орынбасары Бағдат Мәнізоровтың ісін алайық. Агенттік оны кінәлі деп тауып қамауға алғаны белгілі. Алайда, Бас прокуратура кінәлауға негіз жоқ деп босатып жіберді. Сонда қалай болғаны? Агенттік Б.Мәнізоровты босқа ұстап беделін түсіргені ме? Агенттік бұлтартпас айғағымыз бар десе, Бас прокуратура жазалауға жол жоқ дейді. Құқық саласының екі мекемесінің бұлай текетіреске түсуіне не себеп болып отыр? Бұл әлде біреулердің тапсырысы бойынша істеліп жатыр ма? Олай болса бұл жерде қылмыстан бұрын саяси астар жатқан жоқ па? Ал, шын мәнінде осы аталған екі мекемеден де заң биік тұруы керек. Заңдылықты бақылауға міндетті Бас прокуратура қылмысқа күмәндінің жазықсыз екеніне неге нақты айғақ келтіріп, агенттіктіктің аузына құм құймайды? Осылайша прокуратураның ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс бола берсе заңның қажеті қанша? Жалпы прокуратураға заңды бақылау міндетін бүтіндей беру теріс екенін осы мысалдың өзі көрсетіп тұрған жоқ па? Сондықтан, бұл функцияны олардан алып тастаған жөн. Бәрін тек қана сот арқылы заң шешкені жөн. Өкінішке орай, біздің соттар да әділдікті жиі аттап өтетінін бұқара жақсы біледі. Өйткені, соттар жоғарыдан бастап төменге дейін түгелдей түрлі деңгейдегі билікке тікелей тәуелді болып отыр. Оларды билік тағайындап, ұнамай қалса, билік орнынан алып тастайды. Сондықтан, сот атаулы заңға емес, өздерін тағайындайтын билікке жалтақтап тұрады. Заңның баптары емес, биліктің айтқаны оларға бұлжымас ереже болып қалыптасқан. Жоғарыдан қоңырау шалса қылмыскерді арқасынан қағып қамаудан мерзімінен бұрын шығарып жібере салады немесе тапсырыс бойынша жазықсыз жанды түрмеге апарып қамайды. Сонда кімге сенуге болады? Бұдан кейін сыбайлас жемқорлықпен, қылмыспен қайтіп нәтижелі күрес жүргізуге болады? Осының бәрін талап етіп, оған бақылау жүргізетін билік өкілдерінің өздері жемқорлыққа салынған. Ал, бұқараның қазіргі белсенділігі тым төмен, өйткені, олардың ой-пікірімен санасып жатқан ешкім жоқ. Ұсыныс, пікірлері ескерілмеген халықтың белсенділігі одан әрі құлдырай береді. Ал, жемқорларға қалың көпшіліктің терең ұйқыда жатқаны қолайлы. Сондықтан да біздің оқырмандарымыз алдымен мемлекеттік қызметті құпияландырмай, барынша ашық ету керектігін ұсынып отыр. Көпшіліктің бұл ойын теріс деп кім айта алады?..

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

№52 (870), 30 jeltoqsan, 2019 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

Азат ПЕРУАШЕВ:

# «МИТТАЛДАР» ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕНІ МЕНСІНБЕЙ МЕ?



**«Ақ жол» партиясы «Арселор Митталдың» оффшорлық схемаларын сынға алып, қазақстандық мердігерлерді қолдады. Бұл туралы фракция төрағасы Азат Перуашев тиісті депутаттық сауалында мәлімдеді.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**
**А.Ұ.МАМИНГЕ**
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ**
**Ғ.Д.НҰРДӘУЛЕТОВКЕ**

**ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ**

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**
**Құрметті Ғизат Дәуренбекұлы!**

«Ақ жол» демократиялық партиясы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық сенім кеңесінің үстіміздегі жылдың 20 желтоқсанында өткен отырысында берген тапсырмаларын құптайды.

Митингілер туралы хабарлау рәсіміне көшу, саяси партияларды құруды жеңілдету, парламенттік оппозиция институтын біріктіру, бюджеттің жұмсалуына қоғамдық бақылауды енгізу сияқты тапсырмалар қоғамның дамуының жаңа парадигмасын және өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі жаңа мүмкіндіктерді жасайды.

Ол үшін қоғам мен мемлекеттің негізгі мүдделеріне қатысты мәселелерді талқылауда ашықтық болуы керек.

Осыған байланысты, Демократиялық партия алға қойылған міндеттерді тиімді қолдайтындығын және оларды іске асыруға белсенді қатысуға дайын екендігін мәлімдейді.

Ұлттық кеңестің аталған отырысында Президент Қ.Тоқаев біздің азаматтарымызды кемсітуге жол берілмейтінін айтып, шетелдік жұмыс берушілермен жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқықтарын қорғауға қатысты нақты тапсырмалар берді.

«Ақ жол» ұлттық бизнес-партия ретінде осыған байланысты кейбір шетелдік тауар алпауыттарының қазақстандық шағын және орта бизнес мүдделерінің бұзатынын айтты. Бұл аз дегендей, ірі жер қойнауын пайдаланушылар шетелдік жеткізушілер мен мердігерлердің тауарлары мен қызметтерін сатып алу үшін жыл сайын шамамен 8 трлн. теңге жұмсайды.

Сондай-ақ, келісімшартқа қол жеткізе алатын отандық кәсіпорындар да өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерін елеусіз қалдырады.

«Арселор Миттал Теміртауда» жұмыс істейтін отандық кәсіпкерлер «Ақ жол» партиясымен байланысқа шықты. Әлемдегі ең ірі болат өндіруші кәсіпорын қазақстандық серіктестерге өндірілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін төлемді үнемі алты ай немесе одан да көп мерзімге кешіктіріп келеді.

Мәселен, 2016 жылы компанияның мердігерлер алдындағы қарызы 1 миллиард теңгені құраса, 2017 жылы – 2 миллиард теңге болса, былтыр миллиардтан асып жығылды. Биыл Қарағанды облысы мен Теміртау қаласының басшылығы «Арселор Миттал Теміртау» компаниясының басшылығымен жергілікті мердігерлер алдындағы қарызды төлеу мәселесі бойынша келіссөздер жүргізуге мәжбүр.

Сонымен бірге, барлық қазақстандық серіктестер банктерден несие алуға мәжбүр. Себебі, орындалған келісім-шарттардың уақтылы төленбеуінен олар тікелей қаржылық залал шегеді. Мысалы, коммерциялық несиелер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 18% болған жағдайда, алты айға кешіктірілген отандық компаниялардың шығыны келісімшарт сомасының 9% құрайды, бұл жергілікті бизнес үшін үлкен шығын.

Мұның кесірінен шетелдік кәсіпорындармен жұмыс жасамаса да, олардың әрекеттерінен тікелей залал шеккен осы кәсіпорындардың жұмысшыларына жалақы кешіктіріліп төленеді.

Оған қоса, мердігерлер есептелген, бірақ әлі жасалмаған төлемдер үшін салықтар мен айыппұлдар төлеуге мәжбүр.

Бұл – қазақстандық компаниялар өз есебінен «Арселор Митталға» демеушілік көрсетіп отыр деген сөз.

Ашық дереккөздерге сенсек, «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы Қазақстанның жер қойнауын пайдалана отырып, аз мөлшерде пайда түсірудің жеке схемасын құрған. Бір сөзбен айтқанда, барлық экспорттық жеткізілімдер компанияның Дубайдағы кеңсесі арқылы өтіп, өнім бағасы алдымен БАӘ-де «өзіндік құны + бір доллар» бағасымен, одан кейін барып нақты сатып алушыларға әлемдік бағамен сатылды.

Яғни, ресми түрде «Митталдың» экспортының бір тоннасы 1 долларға тең және олар Қазақстанға сол 1 доллардан ғана салық төлейді. Ал түскен қаражаттың негізгі бөлігі сол иелердің оффшорлық компаниясына түсті.

Бірақ бұл схемаға қарамастан, жасырын кірісті айтпағанда, заңды түрде ондаған жылдар бойы өзінің шетелдік иелеріне жылына жарты миллиард долларға жуық ресми кіріс берді.

Дегенмен, «Миттал» жасалған келісімшарттар бойынша қазақстандық кәсіпорындарға қаржы төлегісі келмейді.

Сұранымда мұндай деректердің сканерленген құжаттары бар көздері көрсетіледі. «Ақ жол» фракциясы аталған фактілерді шешуге және қазақстандық жұмысшылардың да, қазақстандық кәсіпкерлердің де, жалпы ұлттық экономиканың мүдделерін де қорғауға шақырады.

Шетелдік тауарлық алпауыттардың Қазақстан экономикасын дамытуға неғұрлым селқос қарауы, олардың сатып алған қазақстандық бизнестің үлесі мен қауіпсіздігін арттыру мәселесін көтеретін кез келді.

Осыған байланысты, «Ақ жол» депутаттық фракциясы ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың қызметінде ұлттық экономикалық мүдделерді қатаң реттеу мен қорғау мүмкіндігін қарастыруды сұрайды.

Сонымен қатар, біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға «корпоративтік сыбайлас жемқорлық» түсінігін енгізу мәселесін көтереміз.

Жер қойнауы мемлекетке тиесілі, демек, шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың оларды пайдалану кезінде теріс пайдалану да сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылыққа жатады.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының**
**депутаттары**

# «АҚ ЖОЛ»: СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘРТЕБЕ БЕРУ КЕРЕК

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ А.Ұ. МАМИНГЕ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**«Ақ жол» партиясы Қазақ руханиятының ошағы, Абайдың елі – Семей қаласына республикалық мәртебе беру керек деп санайды. Бұл туралы фракция төрағасы Азат Перуашев бүгін Мәжіліс отырысында ҚР Премьер-Министрі А.Ұ.Маминге жолдаған депутаттық сауалында айтты.**

**Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!**

Баршамызға белгілі, келесі жылы Президент бастамасымен халқымыздың абызы, заманауи қазақ тілінің құрастырушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мемлекеттік деңгейде атап өтіледі.

Ғасырлардың тоғысында ұлтымызды оятушы да, ұялтушы да – Ұлы Абай! Оның тек ұлттық әдебиетке ғана емес, сонымен бірге халқымыздың дамуына, ағартушылыққа, өркениетіне еткен әсері ерекше.

Алаш көсемдері Абайды өздерінің рухани ұстазы есептегені де құпия емес. Абай бүтіндей бір ұлттың санасына төңкеріс жасап, оны сол кездегі прогрессшіл әлемнің деңгейіне шығаруға тырысты. Алаштың ұстанымдарының да негізін Абайдан іздеу керек.

Алаш қайраткерлерінің бірі – Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясын жазып, бүкіл әлемге Абай феноменін таныстырды.

Әлихан Бөкейхан түрмеден былай деп жазған: «Қамауға аларда бас-аяғымды қалдырмай тінтіп шығып соңынан, қолымдағы портфелімді алғандарына қатты абыржып қалдым: оның ішінде Абайдың баспаханаға аударып, өткізейін деген қолжазбасы болатын. Түрмеде өзімді қанша ұстап жазаласа да, маған бәрі бір, тек «Абайым» сақталса екен дегеннен басқа ойыма ешнәрсе кірген жоқ...».

Міржақып Дулатұлы «Ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» деген.

Бір сөзбен айтқанда, Абайды ұлықтау, Абайды насихаттау, қарапайым халық арасында Абайдың сөзін таратып, таныстыру, түсіндіру о баста Алаштың еңбегі еді.

Ал, бүгінгі күні Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абайдың 175 жылдығын лайықты деңгейінде өткізуге берген тапсырмасы Мемлекет басшысы ретінде оның ең алғашқы және маңызды шешімдерінің бірі. Президент «Семейдің әр көшесі мен ғимаратында тарихтың салған ізі бар» деп, оның ерекше маңызын құптады.

Осыған орай, бүгінгі күні Абай жері – Семей өңірінде бірқатар шаралар қолға алынды. Семей қаласы мен аймағын көтеруге бұрын-соңды болмаған қомақты қаражат бөлініп, гүлденуіне күш жұмсалуда.

Әрине, халық та Семей қаласының өсуіне, өркендеуіне қуануда. Өйткені, Семей қаласының географиялық орны, экономикалық деңгейі, саяси мұрасы оған әбден лайық. «Алаш Орда» Қазақ ұлттық автономиясының астанасы болған, солтүстік шекараның бойында орналасқан, бүгінде үш жүз отыз мыңдай халқы бар, облыс орталығы емес қалалардың арасындағы ең үлкен елдімекен, автотехника, ұн, цемент, көмір, азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп т.б. тауарлар шығаратын ірі өндірістері орналасқан Семей қаласы Абайдың мерей тойынан кейін де қол жеткізген дәрежеден түспеуі керек.

Өткен жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен түрік елдерінің алтын бесігі – ежелгі Түркістан қаласы – облыс орталығына айналып, ал Шымкент шаһарына республикалық дәреже берілді. Бұл тарихи шешім Түркістан аймағын бүкіл түркі әлемінің ордасы ретінде қайта нығайтуға жол ашты. Ал, Шымкент өз мәртебесін түсірмей, еліміздің бетке ұстар қалаларының бірі ретінде ары қарай дамуда.

Осы орайда, кер заманда қазақтың рухын көтерген, қазақтың дауысын жеткізіп, иесін танытқан, Абай рухының ордасы – Семей қаласына да тиісті мәртебесін беру орынды деп санаймыз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, ҚР «Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңның 3-ші бабына сәйкес, республикалық маңызы бар қалалар қатарына халқының саны бір миллион адамнан асатын елдімекендер немесе ерекше мемлекеттік маңызы бар қалалар жатады. Біздің ойымызша, Семей қаласы – дәл осы ерекше мемлекеттік маңызы бар қала. Сондықтан, оған республикалық мәртебе беру жөнінде Мемлекет Басшысына ұсыныс енгізу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының**
**депутаттары**

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ҚОҒАМНЫҢ СЕНІМІН АҚТАЙ АЛАТЫНЫН ДӘЛЕЛДЕДІ



Ұлттық кеңес қоғамның сенімін ақтай алатынын дәлелдеді. Бұл туралы бүгін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтты. «Ұлттық кеңестің хатшылығы маған есеп беріп отыр. Бұл ретте биліктің диалог орнатуға және реформа жасауға мүдделі екеніне ешкімнің күмәні жоқ деп ойлаймын. Сіздердің көпшілігіңізбен жеке кездестім. Ұсыныстарыңызды, бастамаларыңызды мұқият қарастырып, бірқатар өзекті мәселелер жөнінде пікір алмастық», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Ұлттық кеңес мүшелері жұмыс барысында қызу пікірталасқа түсіп, маңызды жағдайларды талқылағанын атап өтті.

«Соның барысында атап өтуі керек, бірқатар түйткілді мәселе бойынша ортақ ұстанымға келдік. Бұл демократияны нығайтуға және қоғамның билікке деген сенімін арттыруға үлкен серпін беретін жұмыс деп санаймын. Біздің тәжірибеміз халықаралық ұйымдар тарапынан жоғары бағаланып отыр. Көпшілік оны жауапты әрі сындарлы диалогтың үлгісі ретінде қабылдады. Ең бастысы ұлттық кеңес қоғамның сенімін ақтай алатынын дәлелді. Мұның тағы бір маңызды қыры бар. Біз сындарлы диалог арқылы жаңа саяси мәдениеттің негізін қалыптастырып жатырмыз. Соның арқасында сан алуан пікірлер мен балама көзқарастар, сындарлы ұстаным, жауапкершілік сияқты құндылықтар алдыңғы қатарға шығады», – деді Мемлекет басшысы.

# «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТЕ БЕРГЕН ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАЙДЫ

«Ақ жол» партиясы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 20 желтоқсандағы отырысында берген тапсырмаларын қолдайды.

Партия төрағасы Азат Перуашев мәлімдегендей, Мемлекет басшысының саяси жүйені реформалау жөнінде айтқан митингілер туралы хабарлау рәсіміне көшу, саяси партияларды құруды жеңілдету, парламенттік оппозиция институтын біріктіру, бюджеттің жұмсалуына саяси және қоғамдық бақылауды енгізу сынды тапсырмалары қоғамның балама жолмен дамуын білдіреді.

«Ақ жол» қоғамның алдында биліктің ашықтығы мен есеп беруінің стратегиялық бағыты Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев қабылдаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында бекітілгенін атап өту маңызды деп санайды.

Президент Тоқаев мемлекеттің кемелдігі мен батылдығын қажет ететін осы векторды кеңінен іске асыруды бастады. Өйткені, бұған дейін оның президенттік сайлауды ертерек өткізгені саяси бәсекелестіктің күшейе түсуімен байланысты болды.

Осылайша, елде жүргізіліп жатқан мемлекеттік демократияландыру саясатының сабақтастығы мен прогрессивті сипаты көрсетілді.

Осыған байланысты, «Ақ жол» партиясы алға қойылған міндеттерді қолдайтындығын және оларды іске асыруға белсенді қатысуға дайын екендігін мәлімдейді.

«Ақ жол» партиясы ұсынылған демократиялық бастамаларды іс жүзінде жүзеге асыру бойынша парламентке нақты ұсыныстарын ұсынуға дайындалып жатыр.

Біз саяси реформалар елдің қазіргі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудің маңызды факторына айналатынына сенім білдіреміз.

Бүгін «Ақ жол» партиясы Президент Тоқаевқа Қазақстан Республикасының саяси жүйесін ырықтандырудағы бастамалары үшін алғыс айтып, хат жолдады.




# АЛДА АЛАР АСУ КӨП

**Бұл жолы Ұлттық кеңесте ешкім өткендегі бірінші отырыстағыдай баяндама жасамай, тек әр бөлімнен бір адам 2 минуттық есеп берді. Тек ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Ұлттық кеңестің бірінші отырысындағы ұсыныстардың орындалу барысы жайлы баяндамасы тыңдалды.**

Мемлекеттік тіл туралы Заң керегін – Ұлттың нөмірі бірінші мәселесін Ұлттық кеңестің бірінші отырысында баяндама жасап, айтып алғаным жақсы болған екен деп ойладым.

Президент Әкімшілігі басшысы Ерлан Қошанов жүргізген кеңесте алдымен Президент кеңесшісі, Ұлттық Кеңес хатшысы Ерлан Қарин қысқаша есеп берді. Ол 70-тей ұсыныстың талқыланып, іске асыру үшін Президент Әкімшілігі мен Үкіметке жіберілгенін айтты.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев баяндамасында: «Ең бастысы – Ұлттық Кеңес қоғамның сенімін ақтай алатындығын көрсетті!», – деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы мен ұсынған мәселелерден Латын әліпбиінің Ұлттық Кеңесте көтерілген тақырып екеніне тоқталып, кемшіліктерді түзету керектігіне және бұл мәселеге ғалымдарды тарту керектігін қадап айтып, нұсқау бергенін жеткізді.

Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау мәселесі туралы біздің білетініміз, Мәдениет министрлігінде жұмыс жүргізілуде. Алдымен Мемлекеттік тілді дамыту туралы 2020-2030 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылдану үстінде.

Биылғы 12-қазанда Мәдениет министрі Ақтоты Райымқұлова Ұлттық кеңес мүшелеріне есеп берді.

16-қазанда Үкімет басшысының орынбасары Бердібек Сапарбаевтың алдында бес министр қатысқан жиында да Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау мәселесі сөз болды.

Мәдениет министрлігі өткізген Тіл форумында да Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға қаулы қабылдады.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы өткізген «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты форумда да Қазақстанды мекендейтін этностар Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдануын қолдады.

Қыркүйекте өткен Халықаралық Қазақ тілі қоғамы пленумында да Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға қаулы алынды.

Қоғамда, әлеуметтік желіде халық Мемлекеттік тіл туралы Заң қабылдануын талап етіп отыр.

Қ.Тоқаевтың: «Билік халыққа пайдалы кез келген өзгеріске дайын», – дегеніне ден қойсақ, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау ең керекті мәселе болып тұр.

Бір қуанарлығы «Парламенттік оппозиция туралы заң қабылдау» жөнінде шешім қабылдануы. Бұл мәселені «Ақ жол» партиясы 2014 жылы көтерген, заң жобасы да дайын – ЕҚЫҰ бекіткен.

Бұндай демократиялық дамуға қадамы және әділетті шешімі үшін ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа алғыс айтамыз.

Саяси партия құру үшін енді 40 мың емес, 20 мың адам қолы жеткілікті болады енді.

Митингіге шығу үшін хабарлама жасау жеткілікті болмақ.

Алда алар асу көп.

**Қазыбек ИСА**

Дания ЕСПАЕВА:

# ПРЕЗИДЕНТ ДЕҢГЕЙІНДЕ ШЕШІМДЕР ЖАСАЛДЫ

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Дания Еспаева Ұлттық кеңестің екінші отырысындағы Мемлекет басшысының тапсырмаларына қатысты пікір білдірді.

«Бірінші отырыстан бері үш ай уақыт өтті. Осы қысқа мерзімде барлық үш блок ұсыныстарын берді. Президент Әкімшілігінде 18 отырысы өтті. Бұл өз кезегінде ауқымды жұмыс атқарылғанын білдіреді, яғни әрбір блок 30-дан кем емес ұсыныс енгізді. Бүгін Президенттің сөзінен ұсыныстардың көбі қабылданғанын түсіндім», – деді Дания Еспаева.

Айта кетейік, ол Ұлттық кеңестің экономикалық блогының құрамында жұмыс істеуде.

«Экономикалық блок қамтыған ұсыныстардың көбі бойынша Президент деңгейінде шешім қабылданғаны қуантады. Сонымен қатар, саяси реформалар да назардан тыс қалмады. Өздеріңіз білесіздер, қоғамның даму процесі бар. Сондықтан, партияларды тіркеуге қатысты мәселе маңызды болды. Бүгінгі отырыс барысында біз жақсы жаңалықты естідік, мүшелері саны 20 мың болса, партияны тіркеу мүмкіндігі туралы айтылды. Яғни партияны тіркеуде мүшелер санының төменгі шегі екі есеге азайтылмақ», – деді Д. Еспаева.

Айта кетейік, қазір саяси партияны тіркеу үшін оның кем дегенде 40 мың мүшесі болуы керек. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2-отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тіркеу үшін партия мүшелері санының төменгі шегін екі есеге азайтуды ұсынды, яғни 20 мыңға дейін.

Азаматхан ӘМІРТАЙ, Ұлттық кеңес мүшесі:

# КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ӨЗ ШЕШІМІН ТАУЫП КЕЛЕДІ

Ұлттық кеңестің құрылғандағы басты мақсаты – қоғамды ашық, әрі әділ басқару жүйесімен қамтамасыз ету. Кеңес өзінің нақты мақсаттары бойынша жүйелі жұмыс істеп келе жатыр деп ойлаймын.

Бірінші отырыста мен «Байтақ-Болашақ» экологиялық альянсының төрағасы, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі ретінде Қазақстанның экологиялық ахуалын дұрыстау мәселесін көтердім. Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері де назарымыздан тыс қалмады. Бір мәселе көтерілген соң онымен түпкілікті айналыспаса, онда ол шешілмейді. Алғашқы отырыстан кейін үш айдың ішінде біз министрліктермен басқа да тиісті орындармен кездесу өткіздік. Әрбір мәселені нақтылап жеткізуге тырыстық. Ұлттық банк өкілдерімен кездесіп, кәсіпкерлікпен айналысуға пайыздық жеңілдіктер жасалу жағын сұрадық. Бірінші отырыста көтерілген мәселелердің барлығы дерлік белгілі бір деңгейде орындалды.

Ел Президенті Қ-Ж.Тоқаев та Ұлттық кеңестің екінші отырысында кәсіпкерлікті қолдау, салықтық жүйені автоматтандыру арқылы сала жұмысын жандандыру қажеттігін тілге тиек етті.

Сондай-ақ, бірінші отырыста қазақ тілінің мәселесін қоғамда тұрақты түрде көтеріп келе жатқан белгілі қоғам қайраткері, тіл жанашыры Қазыбек Иса Атазаңдағы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастау туралы ұсынысын айтып, батыл бастама жасады. Бұл ұсынысты ұлттың ұпайын түгендеуді көздейтін кеңес мүшелерінің көпшілігі қолдады. Алдағы уақытта бұл бағытта да тындырымды тірліктер атқарылмақ.

**Азат ПЕРУАШЕВ, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты:**

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ –



**Қазақстан Президенті ретінде Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы айлардан-ақ қоғам көптен күткен азаматтарымыздың белсенділігін арттыруға ықпал ете бастағаны белгілі. Саяси және әлеуметтік мәселелер қоғамда кеңінен көтерілгенмен, өкінішке орай, Президентіміздің экономика саласына қатысты бастамалары әлі де көлеңкеде қалыңқырап келеді.**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси бағытын жалғастырушы ретінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында еліміздегі экономикалық мәселелерді де атап өтіп, оған жаңа серпін беру үшін Президент әкімшілігі мен Үкіметке «Отандық және шетелдік сарапшылардың ұсыныстарын жіті зерттеуді» тапсырған болатын. Осы Жолдауда Президент бір ғана салық саясатын қайта қарау керектігіне:

– «Мемлекеттік индустриальды-инновациялық даму бағдарламасы аясында жоғары өнімді орта бизнесті қолдау және салықтық ынталандыру мақсатында кешенді шаралар қалыптастыру...»;

– «Ұлттық табысты барынша әділ бөлу үшін біздегі салық жүйесін жаңғырту қажет»;

– «Қазіргі қолданыстағы салық саласының сапасын жақсарту да өз алдына жеке мәселе» деп үш рет назар аударды.

Сол сияқты, Жолдауда экономиканың құрамдас салалары – экспортты қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, мемлекеттік сатып алу мен несиенің қолжетімділігінен бастап ауыл шаруашылығына дейінгі бірқатар маңызды мәселелер аталды. Мемлекет басшысының бұл бастамаларын «Ақ жол» бизнесті қолдаушы партия ретінде экономикалық саясаттағы терең реформа ретінде қарастырады. «Қазіргі кезде еліміздегі қоғамдық-саяси өмірді жаңғыртпай экономикалық реформаларды жүзеге асыру мүмкін емес» - деген Президентіміздің пікірімен толық келісеміз. Осы туралы, жалпы саяси реформаның маңыздылығы жайында үстіміздегі жылдың 15-тамызында «Перемены нужны и даже неизбежны» атты БАҚ-қа берген сұхбатымда айтқан болатынмын. Әрине ауқымды өзгерістер жасау үшін қомақты материалдық ресурстар қажет, оған қоса арнаулы әлеуметтік көмекке қатысты орын алған мәселелер көрсеткендей, барлық деңгейде сол ресурстарды басқарудың тетіктерін толық түсіне білу керек. «Тыңдай білетін Мемлекет» және өзге де тұжырымдамалармен қатар Жолдаудың өн бойында экономика саласына баса мән берілуі маңызды деп санаймыз. Мемлекет басшысы бұл бағытта бірқатар мәселелерді қамтыды. Соның ішінде өзімізге жақын және қатысты бірнешеуін атап өткім келеді.

Біріншіден – экономикамызды диверсификациялау және цифрландыру, нәтижесінде өндіріс өнімділігі еселеп артатын болады. «Экономикалық білім», еңбек өнімділігін арттыру, иновациялы дамыту, жасанды сананы яғни жаңа технологияларды енгізу – қарышты дамудың негізі болып табылатынын» атап өткен Президент, «елімізді индустриаландырудың үшінші бесжылдығында алдында жіберілген кемшіліктерімізді ескеру керектігіне» баса назар аударды. Ел басшысының бұл мәлімдемесі өз халқына адал және ашық болуға ұмтылғанын көрсетеді. Осы жерде бұдан бұрынғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар бойынша салтанатты түрде іске қосылып, іле жабылып қалған зауыттар туралы «Ақ жол» фракциясының Үкіметке бірнеше депутаттық сауалдар жолдағанын да айта кетуіміз керек.Өндіріске инновацияларды енгізуге, барлық жұмыстың ашықтығын қамтамасыз ететін цифрландыруға кәсіпкерлерді ынталандыру өте маңызды. Экономиканы көтеру үшін бизнес саласы жоспарларына цифрлық технологияларды қалыптастырып, оны әсіресе есептік тексеріс пен бақылау жасайтын мемлекеттік органдардың өзіне алдымен енгізуді міндеттеу қажет. Цифрлық өнімдер мен сервис-қызметтерді дамыту және коммерциялау компьютерлық ойындардан бастап әлеуметтік саладағы төлемдер және қалалық инфроқұрылымдарды басқаруға дейінгі аралық басты бағытта болғаны жөн. Рас, цифрландыру бір-бірін қайталайтын салада адамдарды жұмыспен қамту көрсеткішін төмендетеді. Есесіне өзге деңгейдегі мамандықтар бойынша, жоғары айлық пен лайықты еңбек жағдайында адамдарға жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бір кезде Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, бірде бір жасанды сана адамның табиғи ынта-ықыласы мен көңіл күйін ешқашан ауыстыра алмайды. Шығармашылық, адамгершілік, технологияларды бағалау әрқашан адамдардың еншісінде қалатын болады. Әрине, мұның бәрі бұрынғы кәсіпорындарды жаңғыртумен қатар жаңа зманауи түрлерін ашуды талап етеді. Бізде табиғи байлықтарды өңдеу саласындағы пайдаланбай келген мүмкіндіктеріміз өте мол. Қызмет көрсету, қолданылатын құрал-жабдықтар мен материалдарды сатып алуды шикізат өндіретін алыптардан алып, жергілікті қазақстандық әріптес кәсіпорындарға беру бізге ұтымды. Ол үшін «Самұрық-Қазына қоры сияқты офсеттік саясат пен оффтейк шарттарын заңдық талаптар арқылы қолдану қажет. Менің ойымша бұл жерде тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ірі инвесторлармен біздің жасаған тиімсіз келісім-шарттарымыз үлкен кедергі болып отыр. Одан бері ұрпақ ауысып, еліміз де өзгерді, шетелдік компаниялар біздің табиғи байлықтарымыздан өте қомақты пайда тапты, әлі де солар қызығын көруде. Қазақстан экономикасын дамыту мен жаңарту үшін ресурстарымызды пайдаланып отырған шетелдік алпауыт компаниялар алдына өнім бөлісіндегі қазақстандық үлесті арттыру, олардың қатысуымен біздің елімізде техника және оның бөлшектерін жасап шығару, қызмет түрлерін көрсету туралы сұрақты тікелей қоятын уақыт жетті. Мысалы, өткен ширек ғасырдан аса уақытта сол инвесторлар мен шетелдік мердігерлер жұмысшылары дүниенің төрт бұрышынан тасымай, қажетті мамандар мен өндіріс жетекшілерін өзіміздің жергілікті жастарды үйрету арқылы іске асыруларына болушы еді ғой. Тоқаевтың 13-қарашада Қытайдың CNPC компаниясы басшыларына қазақстандық жұмысшылардың айлықтарын көтеру мен құқықтарын қорғап талап қойғаны осы бағыттағы бастама деп бағалаймын. Бүгіндер Үкімет пен Энергетика министрлігі КРО-дағы («Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б. В.») қазақстандық үлесті арттыру бағытында жұмыс істеп жатқаны белгілі. «Ақ жол» партиясы ұлттық экономиканы қорғап шетелдік ірі компанияларға қойылған мұндай талаптарды тұрақты қолдайды. Бұл шаралар жалғасын табады деп сенгіміз келеді.

Президент ұсынған екінші мәселе – квазимемлекеттік экономика саласын тәртіпке келтіру. Шынын айтсақ, Қасым-Жомарт Тоқаев: «Квазимемлекеттік секторлардан келетін қайтарымды көтеру қажет» деп жұмсартып айтты. Дегенмен, Қ-Ж.Тоқаев Президент ретінде 24 мамырдағы алғашқы шешімдерінің бірі – жаңадан ұлттық компаниялар құруға мораторий жариялағанын атап өткеніміз жөн. Бұл шешім бизнес қоғамда қолдау тапты. Ал, бүгінгі жағдайда ұлттық компаниялардың толып жатқан еншілес бөлімдері, министрліктер мен әкімдіктердің ЖШС сияқты көптеген кәсіпорындары кәсіпкерлер арасындағы әділ бәсекелестікті жойып, жоқ қылып отыр. «Ақ жол» партиясы біздегі нарықтық экономиканы мемлекеттік монополиялық капитализм жұтып жатқандығы жайында өзінің депутаттық сауалдарында жылдар бойы айтып келеді. Мұндай жағдайда салық төлеушілердің қаржысын оңды-солды шашқан, қолында әкімшілік ресурстары бар мемлекеттік компанияларға бірде-бір жекеменшік кәсіпорын бәсекелес бола алмайды. Бұл жөнінде «Біздің мемлекеттік компаниялар құрамы белгісіз алып конгломераттарға айналған, олардың халықаралық деңгейдегі бәсекелестік қабілеті де күмән тудырады», – деп Президент босқа айтқан жоқ. Ол шын мәнінде де солай. Олар ашық бәсекеге дәрменсіз, бюджеттен және монополиялық тарифтерден түсетін қомақты қаржыға дағдыланған, сонымен бірге тұтынушылар тарапынан айтылатын арыздарға пысқырып та қарамай, бәсекелестерін заңсыз жолмен тұншықтыруды ғана біледі. Президент айтқандай, стратегиялық маңызы бар салада мемлекеттің қатысуы керек, бірақ қалған ЖШС, АҚ деген сияқты мемлекетке қатысы бар кәсіпорындарды ашық нарыққа жіберу қажет. Жекешелендіруді екінші кезеңінде оны Елбасының өзі енгізген-ді, енді бұл істі Қасым-Жомарт Кемелұлына жалғастыру керек болады. Бұл оңайға соқпайды, миллиардтаған қаржы сыртында осы іске қарсылық көрсететін көптеген маңызды жекелеген тұлғалар тұрғанын білеміз. Бірақ экономиканы нарықтық қатынастарға бейімдеуден басқа бізде өзге тиімді жол жоқ. Олай болмаса қоғамдағы әлеуметтік ахуал мен экономикамызға қауіп төндіретін – тоқырау, бәсекелестік бастамаларды жоятын жемқорлық пен тамыр-таныстық жалғаса береді. Мұндай жағдай квазимемлекеттік қана емес, мемлекеттік сатып алу жүйесін, бақылаушы органдарды, тіпті, ірі жекеменшік корпорацияларды да жайлап алған. Жемқорлық ақшаны шетелге заңсыз шығару, әділетсіз бәсеке мен рейдерлік бассыздық сияқты қылмыстарды туындатып еліміздің болашағына деген мүмкіндіктерді жояды. Сондықтан, «Ақ жол» партиясы бұл салада тәртіп орнатуды толығымен қолдайды.

Үшінші мәселе – шағын бизнесті қолдау. Бұл бағытта Тоқаев Жолдаудағы «Дамыған және инклюзивті экономика» атты бөлімінде айтылғандай қарапайым қатардағы адамдардың мүддесі тұрғысындағы ойын білдірді. Инклюзивті экономика – әлеуметтік теңдікке, көпшілікке қолжетімді, тәуелсіз экономика болғандықтан, шағын және орта бизнестің басты мақсаты болып табылады. Біздің елімізде мұнай, тау-кен өндірісі мен банктер ең пайдалы сала екені белгілі. Бірақ бүкіл қазақстандықтарды мұнайшы немесе банкир ету мүмкін емес. Ал, шағын және орта кәсіпорындар арқылы әрбір отбасына лайықты өмір сүретін жағдай жасауға болады. Шағын және орта бизнес байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты жойып, әрбір адам еңбегіне қарай экономикадан өз үлесін алуға мүмкіндік береді. Өндірістік аймақтардағы жергілікті мемлекеттік органдардың шағын және орта бизнестегі үлесі (10-15%) екі есе азайғаны туралы (еліміз бойынша орта көрсеткіш (28,5%) мәліметі «Ақ жол» партиясының түсінбеушілігін тудырады. Ал шын мәнінде алпауыт кәсіпорындар бар аймақтарда жергілікті бизнес еліміз бойынша орта көрсеткіштен әлдеқайда жоғары болуға тиісті. Жаңағы алпауыт кәсіпорындардан қомақты қаржы түскен сайын сол аймақтағы өндіріске құрал-жабдық шығаратын отандық әріптестер мен өзге де қызмет көрсететін компаниялардың да үлесі артуы керек қой. Ал, егер олай болмаса түскен пайданың бәрі шетел асып жатыр деген сөз. Ұлттың байлық ресурстарын алып орнына жаңа технология енгізбей, өндірістік білім және тапсырыс бермесе ондай инвестициядан не пайда? Сонда біз бүкіл байлығымызды құртуға неге асығамыз? Бұл орталық және жергілікті басқарушы органдарының нәтижесі жұмысын көрсетеді. Осы жайында Қ-Ж.Тоқаев «Қаржылық мемлекеттік қолдаудың пайдасын тек қана жергілікті билікке ұнайтын шаруашылықтар ғана көріп отыр. Жергілікті жерлерде әкімдер бұл ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жүргізбеген» - деп өткір сын айтты. Президент атаған кемшіліктерді еліміздегі ондаған, жүздеген кәсіпкерлер өз тәжірибесінен көрсетіп, дәлелдеп бере алады. Мұндай сыннан соң кейбір басшылар отставкаға кетсе де болады. Кәсіпкерлер қоғамы шағын бизнесті үш жыл қосымша құн салығынан босату мен тексерісті тоқтату туралы Президент мәлімдемесін қуана қабылдады. «Егер бизнес субъектілері, әсіресе, санитарлық-эпидемиологиялық



# УАҚЫТ ТАЛАБЫ



салада белгіленген нормалар мен ережелерді сақтамаса ондай компаниялар жабылады, иелері жауапкершілікке тартылады" деген Президент таза бизнес пен жауапсыз, көзбояушы кәсіпкерліктің ара-жігін ашып бергенін айта кетуіміз керек. Бұл талап – улану, түрлі апаттық жағдайдың алдын алып, адал жұмыс істейтін кәсіпкерлерді заңсыз әрекетке бейім бәсекелестердің қыспағынан қорғайды деген сенімдеміз.

Президенттің орта бизнесті қолдау туралы төртінші тапсырмасы біздің және көпшіліктің көңілінен шықты. Мемлекеттік органдарда орта бизнестің экономикамыздағы алатын ерекше орны туралы түсінбеушілік осы күнге дейін бар. Ал, шындап келгенде, ірі бизнес – бізде пайдалы қазбаларды өндіруден тұрады. Шағын бизнеске сауда және түрлі қызмет көрсету жатады. Ең бастысы – өңдеу өндірісі, халық тұтынатын тауарларды жасап шығару негізінен орта бизнестің үлесінде. «Ақ жол» партиясы осы орта бизнестің маңыздылығы жөнінде сонау 2013-жылдан бері Үкіметке жолдаған көптеген депутаттық сауалдарында қайта-қайта ескертумен келеді. Біз сауалдарымызда өзімізде шығаратын аса маңызды деген тауарларға қосымша құн салығын төмендететін Еуроодақ тәжірибесін енгізуді ұсындық. Бұл отандық кәсіпкерлерге түсетін салмақты жеңілдетіп, біздің нарықты импорттық тауарлар басымдылығынан қорғайды. Мұндай кезекті сауалды мемлекет басшысының Жолдауынан кейін соңғы рет биылғы қазан айының екісінде үкіметке тағы да жолдаған болатынбыз. Осы уақыт аралығында салық саясатында консервативті бағыт ұстанатын Ресей Федерациясының өзі бұл әдістің тиімді екенін түсініп, кейбір маңызды деген тауарларға салықты төмендетіп үлгерді. Ал, біз болсақ бұл жолы да Үкіметтен негізсіз дәлелдерді желеу еткен, біздің ұсынысымызды қабылдамаған жауап алдық. Билік тарапынан орын алған мұндай түсініксіздік орта бизнестің дамуына кедергі келтіруде. Есеп комитетінің мәліметінше біздің елімізде орта бизнестегі кәсіпорындар саны соңғы он жыл шамасында 3,5 есеге азайған. 2010 жылы – 8,7 мың болса, 2019 жылғы маусым айында – 2,6 мыңға түскен. Бұл Қазақстанда өзіміз тауар өндіргеннен, өзгелердің өнімін өткізгенді қолайлы санайтынымызды көрсетеді. Сондықтан да Президенттің «... Орта бизнес туралы. Бізде бизнестің осы саласындағы кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау жоқ... Индустриалды-инновациялық даму бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар аясында салықтық, қаржылық, әкімшілік ынталандыруды қоса алғанда жоғары өнімді орта бизнес саласын дамытуға кешенді шаралар дайындауды Үкіметке тапсырамын», – деген тапсырмасы кәсіпкерлерге қолдау болды. Алдында айтқанымыздай, Президенттің осы нақты тапсырмасына арқа сүйеп «Ақ жол» партиясы мемлекеттік органдарға орта бизнесті дамытуға арналған өз ұсыныстарымызды жібергенмен еститін құлақ таппадық, тағы да қайталауға тура келеді.

Бесінші мәселе ретінде Президенттің салық жүйесіне қатысты тапсырмасын айтуға болады. Жасырытыны жоқ, біздің салық жүйесі экономиканы реттегіш тетігінен жазалау құралына айналып кеткенге көбірек ұқсайды. Бұл жөнінде Қасым-Жомарт Кемелұлы «Салық жүйесі адам капиталын инвестициялауға, еңбек өнімділігін арттыруға, техникалық қайта жарақтануға, экспортты ұлғайтуға ықпал етуі керек», – деді халыққа Жолдауында. Сол сияқты, ол еңбекақы қорына салмақты азайтып, зейнетақы қорына қосымша 5% қаржы аударуды 2023 жылға дейін шегерді, Салық кодексінде көрсетілмеген басы артық төлем атаулыны тоқтату туралы тапсырма берді. Ал ондай себепсіз салық салу түрлері бізде жетіп артылады. Президент енді бұл тапсырмаларының іске асырылуын бақылауға алды. Біздің депутаттық фракция қарсы болған, қоғамда үлкен дау тудырған банктік карталарды фискальді бақылауға алу туралы салықшылар ұсынысына 15-қарашада тоқтау салғаны осыған нақты дәлел.

Соңғы кездері біздің депутаттар атына бизнес өкілдерінен салық орындары жалған кәсіпорындардың алаяқтық әрекеттері үшін адал кәсіпкерлерге салық төлеуге мәжбүрлегені туралы арыз-шағымдары жиі түсетін болды. Салық органдарының орта бизнеске деген орынсыз талабы өз алдына, оған қоса соттағы судьялар да солардың сойылын соғып жататыны таңғалдырады. Осындай орын алған мәселеге байланысты біздің депутаттық фракцияның ақпан айындағы сауалынан кейін Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асанов Жоғарғы сот мүшелерінен тұратын арнайы комиссия құрған болатын. Әрине, сол үшін де оған рахмет. Тіпті, жоғары деңгейдегі сот саласында да экономика мен бизнес саласына қатысты біздің базалық заңдардың әлі де жеткіліксіз екенін байқадық. Осыған қарап, төменгі соттардың шешімі туралы не айтуға болады?

Негізгі мәселе күрделі есепке құрылған, жемқорлыққа негізделген қосымша құн салығына қатысты болып отыр.Бұл салық түрін қолдану мемлекеттің өзіне де үнемі пайдалы емес, өйткені бюджетке түскен сол қосымша құннан алынған салықтың қомақты бөлігі (500-600 млрд. теңге) экспорттаушыларға қайтарылады. Сондықтан өзге салық төлеушілер есебінен ҚҚС арқылы межеден жоғары табыс табатын, жер қойнауындағы шикізатты өндіретін алып кәсіпорындар немесе ауыл шаруашылығы өнімдерін шикізат күйінде экспорттайтындар пайдаға кенеледі. Сол шикізатты өңдеп, өз елімізде қосымша құн қалыптастыруға болатын еді ғой.

Бәлкім терең реформа ретінде күрделі әкімдік ҚҚС орнына қарапайым ғана саудадан түсетін салықты алу керек шығар. Сол кезде салық орындары талап етіп жүгіртіп қоятын қағазбастылық та азаятын болады. Бұндай «каскадты» ұсынысты бір кезде экономика экс-министрлерінің бірі жасаған да болатын. Бірақ ол ұсыныс қабылданбады, өйткені тауар өндірушілерге салмақ ұлғайып, импорттауышыларға көп жеңілдік берілетіндіктен, өтпей қалды. Әрине, мұндай салық әдісіне ұлттық бизнес өкілдері қарсы тұрады. Біздінше бұл түйінді тарқату үшін басқа әдіспен, соңғы сатып алушыдан бір реттік салық алым алу арқылы шешуге болатын сияқты. Мұндай реформа тауар өндірушілерді қолдай отырып, қайтарылатын бюджет қаржысын үнемдеуге септігін тигізер еді. Тағы бір ең тиімді жолы – шикізат экспорттаушыларға қайтарылатын ҚҚС-ты тоқтатып, сыртқа дайын өнім шығару. Өкінішке орай, жылдар бойы біз осыған жете алмай келеміз. Жолдауда мұндай тапсырма бар, салық саласы жұмысын реттеу мен шикізатты ғана сатқанша, одан дайын тұтынатын тауарлар жасауға өту туралы нақты көрсетілген.

Президент көтерген соңғы алтыншы мәселе ақша-несие саясатына тікелей қатысты. Оны мемлекет басшысы «Еліміздің экономикасының дамуына тежегіш болып келеді» – деп дөп атап көрсетті. Қ-Ж.Тоқаевтың қиын жағдайда қалған көпбалалы аналар мен мүгедектердің несиелерін белгілі бір мөлшерде мемлекет есебінен жабу туралы шешімін білесіздер. Жолдауда бұл тақырып та кеңінен қозғалды. «Экономикамыздағы маңызды проблемалардың бірі – несиелендіру көлемінің тым аздығы. Соңғы бес жылда заңдық тұлғаларды, шағын және орта бизнесті несиелендіру жалпы алғанда 13 пайыздан аса кеміген» – деді Президент.

Нақтырақ толықтырып айтсақ, Жалпы ішкі өнімге қатысты заңдық тұлғаларды несиелендіру өткен жылы 22 пайыздық анти-рекордтық көрсеткішке құлдырады. Негізінде несиелендіру кем дегенде 60% болуы керек, ал, Германия, Канада, Сингапур сияқты дамыған елдерде бұл көрсеткіш 150-200 пайыз деңгейінде. Турасын айтсақ, біздегі несиелендіру көлемі экономиканы көтермек түгілі, сол қазіргі қалыпта ұстап тұруға жетпейді. Бүгінгі біздегі несиелендіру банк сияқты нарықтық институттар арқылы емес, мемлекеттің экономикаға тікелей қаржы құюымен іске асуда. Ашығын айтқанда, соңғы 10-12 жылда біздің банктер өзгені несиелендіріп қарық қылмақ түгілі өздері пайызсыз көмек алып мемлекеттің мойнында отыр. Мысалы, әлемдік экономикалық дағдарыстың ушығып тұрған кезінде 2008 жылы 13-қазанда Ұлттық қордан бірқатар банктерге 10 млрд. доллар бөлу туралы шешім жарияланды. Оның 4 млрд. доллары «Халық», «Қазкоммерц», «Альянс-банк», «БТА» сияқты ең ірі банктерге берілді. Банктерге көмек беру онымен тоқтаған жоқ, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. 2017 жылы «Еуразиялық», «АТФ», «Цеснабанк», «Центр Кредит», «Bank RBK» секілді бес банктерге 650 млрд. теңге қаржылық көмек көрсетілді. Бұдан басқа Ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік саладағы ұйымдардың миллиардтаған қаржысы осы банктердің айналымында, оған қоса бизнесті субсидияландырудан пайыздық мөлшерлеме де солардың еншісінде, қысқасы олар түпкілікті бенефициар. Банктердің экономикамызды қаржыландыруға тиісті міндеті ғана оларды қолдауға мәжбүрлейді. Ал олар өз міндеттерін қалай атқарып жатқаны бәрімізге белгілі, сондықтан да көпшілік тарапынан арыз-шағымдар өте көп. Мемлекеттік қаржы біздің коммерциялық банктерге өздерінің жеке пайдасына асыруға емес, экономикамыздың көтеру мақсатында несиелендіру үшін бөлінген. Соған қарамастан, кейбір мәліметтерге қарағанда біздің банктер мемлекет берген қаржының бір бөлігін Ұлттық банктің ноталарын алып, ешқандай қауіпсіз 9 пайыз пайда табатын жеңіл жолын таңдап алған. Экономикаға қолдау көрсетпейтін, тек қана өз пайдаларын көздеген осындай әдіс көлемі жылдан жылға артып келеді. Бәзбір білгіш сарапшылардың айтуынша, мұндай қадамдар қаржылық дағдарысты бәсеңдету үшін жасалып жатырмыс. Бөлінген ақшаны нарықтан қайта шығарып жатса, мемлекеттік қаржыны оларға бөлудің қанша қажеті бар? Мемлекет біреулерге осыншама қаржыны не үшін беруі керек? Жаңағы «білгір» сарапшылар айтқандай емес, экономикалық заңдылықтар бойынша керісінше отандық өндірісті тежеу дағдарысты тудыратыны жалпыға мәлім. Содан барып импортқа тәуелділік пен ұлттық валютаның құлдырауы пайда болатыны бәрімізге белгілі. Сондықтан, Ұлттық банк қарамағындағы екінші деңгейлі банктердің мемлекеттік қаржыны нақты, қажет деген экономикалық бағыттарға жұмсауға міндеттеуге тиісті деп ойлаймыз. Ол үшін біріншіден, екінші деңгейдегі банктердің мемлекет берген қаржыны Ұлттық банк ноталарына салуын шектеу қажет, (Айталық, оның көлемі мемлекеттен алған қаржының жартысынан аспауы керек); екіншіден, нотадан түскен пайда көлемін шектеу, (мысалы, мемлекеттен алған қаржыдан түсетін пайданы екі мөлшерлемеден асырмау). Мұндай шектеулер мемлекеттен көмек қаржы алмаған немесе аз ғана мөлшерде Ұлттық банк ноталарына қаржы салса оларға айтарлықтай қиындық тудырмайды. Осы шара арқылы Ұлттық банк ноталары арқылы ғана пайда табуды көздеген екінші деңгейдегі банктерді бизнесті несиелендіруге ықпал ететін болады. Сонда ғана «Екінші деңгейдегі банктер бизнесті қолжетімді және ұзақ мерзімді несиелермен қамтамасыз ету керек» деген Тоқаевтың тапсырмасы іске асатын болады.

Жауапкершілігі мен мүмкіндігі мол несие алушылар жоқ деп жылайтын біздің банктер өз кемшіліктері туралы жұмған ауызын ашпайды. Шын мәнінде дәл сол банктердің қаржылық саясаты, әсіресе жоғары, санаға сыймсыз мөлшерлемелері кез келген бизнестің жолын бөгеп, пайдадан бұрын зиян шегуіне әкеліп жатыр. Одан кейін отандық өндіріс қалай дамымақ? «Екінші деңгейдегі банктер несие құнын тым арттыруы арқылы бизнесті қауіп-қатерге итермелейді. Әрине, несие алушылар тарапынан да мәселе бар. Бірақ барлық жауапкершіліктерді өзгелерге артып, біздің банктерге тек қана жеңіл жолмен жүруге болмайды», – деген Президенттің бұл саладағы жағдайды жақсы білетінін көрсетсе керек. Екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық банк ноталарын сатып алу арқылы пайда табуын шектейтін аталмыш ұсыныс кейбіреулерге ұнамауы, тіпті оны мүлдем қолдамауы мүмкін. Олай болса банк жүйесіндегі бұл түйінді шеше алатын, тығырықтан шығаратын өзге бір амалдарды қарастыру қажет болады. Сонын бір жолы – нарық қорын шұғыл дамыту бола алады. Оған «Астана» халықаралық Қаржы орталығында британдық сот өндірісі мен қаржылық-техникалық үйлестірулерді қоса алғанда іске асыруға қажет мүмкіндіктер жасалған. Бірақ оны нақты қаржыландырмаса, сырттан инвестиция құйылмаса коммерциялық емес аты бар да заты жоқ жоба болып қалады. Менің ойымша, «Астана» халықаралық Қаржы орталығы егер біздегі өз пайдасын ғана ойлайтын банк иелерінің қарсылығын жеңе білсе, шетелдік инвесторларды тауып олармен ортақ тіл табыса алса біздің банк жүйесіндегі келеңсіздіктерді жойып, кемшіліктердің орнын толтыра алады. Оған осы халықаралық қаржы орталығын ашқан Елбасы мен «Шын мәнінде конституциялық мәртебеге ие болған Халықаралық қаржы орталығының қызметіне Үкімет қолдау көрсетсін», – деп тапсырма берген Мемлекет басшысының қолдауы сенім ұялатады.

Қорыта айтқанда, биылғы Жолдау бүгінгі саяси, әлеуметтік, экономикалық ахуалымызға қатысты мәселелерді көтерді деуімізге болады. «Ақ жол» партиясы еліміздің дамуына бағытталған Жолдауға қолдау көрсетуді өз міндеті деп біледі.

# «Қазақ үні» газеті мен «Qazaquni.kz» ұлттық порталының Жыл адамдары

*«ҚАЗАҚ ҮНІ» республикалық қоғамдық-саяси газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталының «ЖЫЛ АДАМЫ – 2019» таңдаулылары анықталды!*

*«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталының 2019 жылғы «Жыл адамдары» сараланды. Еліміздің еңселі болуы үшін еңбектеніп жүрген ел азаматтарының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларын атап өту мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан осынау жоба аясында оқырмандар қалаған тұлғасын таңдай алды.*

*Дауыс беру телефон сауалы, смс, электронды пошта хабарлары және әлеуметтік желі арқылы өткізілді. Арнайы құрылған Сарапшылар алқасы 2019 жылдың үздіктерін анықтады.*

*Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 28 жылдығына орай таңдалған «Жыл адамы – 2019» байқауының жеңімпаздарымен таныс болыңыздар!*

**ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАСЫ – ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ӨЗ ӨКІЛЕТТІГІН ТОҚТАТТЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАНДЫ.**

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНАН ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ**

**ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ – СИРИЯДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫН ЭВАКУАЦИЯЛАУ БОЙЫНША БІРНЕШЕ КЕЗЕҢНЕН ТҰРҒАН «ЖУСАН» ОПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУІ.**

**ЖЫЛ ДАТАСЫ – 9 МАУСЫМ, ҚР ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАУЫ.**




### ЖЫЛ ЖАЗУШЫСЫ – РОЛЛАН СЕЙСЕНБАЕВ пен ЫРЫСБЕК ДӘБЕЙ.

Әйгілі қазақ жазушысы Роллан Сейсенбаевтың Арал теңізі тағдырын арқау еткен «Өлілер кезген құм-шағыл» романы «PEN America – 2020» әлемдік премиясына үміткер ретінде тіркелді. Жазушының бұл туындысы 1991 жылы жарық көрген. АҚШ-тың Amazon Crossing компаниясы аталмыш романды ағылшын тіліне аударып, үздік шығармалар қатарына қосты.

**Ырысбек Дәбей** биылғы жылы «Қоңыз» деп аталатын көркем туындысын жарыққа шығарды. Аталмыш туынды Жаңаөзен қырғынына арналған, бұл қазақ әдебиетінде әлі жазылмаған тақырып. Кітап оқырмандар мен әдебиет сыншылары тарапынан жоғары бағаға ие болды.

### ЖЫЛ АҚЫНЫ – БАЙБОТА ҚОШЫМ-НОҒАЙ.



Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Байбота Қошым-Ноғайдың биылғы жылы «Мен жазбаймын өлеңді...» атты аудармалар, өлеңдер мен дастандар жинағы жарық көрді. Сонымен қатар, балаларға арналған «Әліппе» атты кітабы 5000 мың данамен екінші мәрте жарық көріп отыр. Сондай-ақ, ол биыл өткен Ілияс Жансүгіров атындағы республикалық мүшәйрада Бас жүлдеге ие болған.

### ЖЫЛ САЯСАТКЕРІ – ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ.



Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Ер Түріктің бесігі атанған киелі Түркістанның рухани жаңғыруы, жаңа бағытта дамуы жолында табанды еңбек етіп келе жатқан сарабдал саясаткер. Сонымен қатар, Арыс қаласындағы апат кезінде халықтың жанынан табылып, қаланың қалпына келуіне көп еңбек сіңірді. Арыстағы барлық құрылыс жұмыстарын өзі бақылап, бір ай бойы аймақ тұрғындарымен бірге тұрды.

### ЖЫЛ ДЕПУТАТЫ – КӘРІБАЙ МҰСЫРМАН.



Мәжіліс депутаты Кәрібай Мұсырман Нұр-Сұлтан қаласында белгілі мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновке ескерткіштің орнатылуына үлкен септігін тигізді. Депутат халқымызға айрықша ардақ тұтатын тарихи тұлғаның дүниеге келгеніне келесі жылы 105 жыл толатынын ескере отырып, оған астанада лайықты ескерткіш орнату мәселесін қарауын өтінген болатын. Халық қалаулысының хатына Нұр-Сұлтан әкімінің сол кездегі орынбасары (19 маусым, 2019 ж.) Ерлан Каналимов қол қойған ресми жауапта қала әкімдігі Жұмабек Тәшеновке ескерткіш орнату үшін жер телімі және қаржы көзі қарастырылып жатқандығын хабарлады. Ескерткіш елордадағы Жұмабек Тәшенов көшесінің бойында орнатылмақ.

### ЖЫЛ МИНИСТРІ – ҚР БІЛІМ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВ.



Еліміздің Білім және ғылым саласының тізгінін ұстағанына көп уақыт өтпесе де сала бойынша көптеген мәселелердің оң шешімін табуына ықпал етіп жүрген министр. Атап айтқанда, бүгіндері қолданыстан алынып тасталған «Әліппе» оқулығын қазақ тіліне бейімделген Ахмет Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде енгізуге шешім қабылдағаны – білім саласындағы маңызды жұмыс. Сондай-ақ, биылғы жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша әзірленген «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы мақұлданды. Ендігі жерде жаңа заң аясында мұғалімдердің жүктемесі азайып, олар өздеріне тән емес жұмыстарды орындаудан босатылмақ.

### ЖЫЛ ӘКІМІ – ЕРЛАН АЙТАХАНОВ.



Шымкент қаласының әкімі Ерлан Айтаханов өзінің қазақ руханиятының қамқоршысы екенін көрсете білді. Әкімнің бастамасымен Шымкент қаласында қазақ ақындарының өлеңдері жазылған баннерлер ілініп, қазақ поэзиясы насихатталды. Сонымен қатар, Ерлан Қуанышұлының қолдауымен Шымкент қаласында белгілі ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов бастаған бірнеше ақынның жыр кештері жоғары деңгейде аталып өтілді.

### ЖЫЛ РЕКТОРЫ – РӘБИҒА ҚУАТБЕКОВА.



Шымкент қаласындағы академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университетінің ректоры Рәбиға Қуатбекова еліміздің білім саласының дамуына елеулі үлес қосқан жан. Жыл сайын жоғарғы оқу орнының бірнеше түлегі халықаралық және республикалық білім сайыстарында бас жүлделерге ие болады. Мысалы, биылғы жылы өткен «XXI ғасыр көшбасшысы» атты халықаралық үздік студенттер байқауында, университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті Бексейіт Әшірбекұлы I дәрежелі дипломмен және төсбелгімен марапатталды. Білікті мамандар даярлауға зор үлес қосып жүрген Рәбиға Әбдімұсақызының да еңбегі елеусіз қалмай, Түркістан облысы әкімі Өмірзақ Шөкеевтің атынан арнайы марапатқа ие болды.

### ЖЫЛ ҚАРЖЫГЕРІ – ЕРКІН ЕТЕКБАЕВА.

Еліміздің қаржы саласының дамуы жолында ерен еңбек етіп келе жатқан мамандардың бірі – «ForteBank» бас бухгалтері Еркін Етекбаева. Ол биылғы жылы CFO SUMMIT тұжырымы бойынша «CFO-2019» үздік қаржыгері атанды.

### ЖЫЛ ҚАЙРАТКЕРІ – ИСЛАМ ӘБІШ пен СЕРІК ТҮКЕЕВ.




Белгілі қоғам қайраткері Ислам Әбіш қалың қазаққа руханият жанашыры ретінде танымал. Оның Өскемен қаласы әкімі қызметін атқарған тұстағы ерен еңбегі туралы қала халқы ерекше ілтипатпен еске алады. Ислам Әбішевтің ісі қоғамда қызу талқыға түскені белгілі. Еліміздің түкпір-түкпірінен белсенділер келіп қатысқан Әбішевтің сот процесі туралы «Қазақ үні» порталы үзбей ақпарат таратуда. Ислам Әбішевпен бірге сотқа тартылған белгілі спорт қайраткері Серік Түкеев еліміздегі қазақ күресінің дамуына орасан зор еңбек сіңірген маман. Оның бастамасымен қазақ күресінен бірнеше әлем біріншіліктері өтіп, қазақ күресіне деген әлем халықтарының қызығушылығы артты.

### ЖЫЛ РЕЖИССЕРІ – ТАЛҒАТ ТЕМЕНОВ.



Алпыс бес жасқа толған ҚР Халық артисі, профессор Талғат Теменовтің шығармашылық апталығы биылғы жылы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында өте жоғары деңгейде өтті. Белгілі режиссердың сахналық қойылымдары көрерменді баурады. Олардың қатарында «Тыраулап ұшқан тырналар», «Аққудың көз жасы», «Отелло» пьесалары бар. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрына арнайы ат басын бұрып, Т.Теменовтың «Тыраулап ұшқан тырналар» пьесасын тамашалап, жоғары баға беруі – өнер иесіне көрсетілген зор құрмет.

### ЖЫЛ АКТЕРІ – АЛЬМИРА ТҰРСЫН.



Белгілі режиссер Ақан Сатаевтың аты аңызға айналған сақ патшайымы «Томирис» туралы тарихи фильмінде басты рөлді ойнаған Альмира Тұрсын кино әлемінде ә деген бетте-ақ жарқ етіп көрінді. 28 жасар Альмира Томирис бейнесін тамаша сомдады. Оның әртістік шеберлігі көрермендер тарапынан жоғары бағаланды. «Томирис» фильмі еліміздің барлық кинотеатрларында аншлагпен өтуде.

### ЖЫЛ САЗГЕРІ – РАХАТ-БИ ӘБДЫСАҒЫН.



Композитор және пианинашы, өнертану ғылымының магистрі, республикалық «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рахат-Би Әбдысағын жас та болса өнер әлемінде зор жетістіктерге жетіп келеді. Италияның атақты «Санта Чечилия» музыкалық академиясының ең жас түлегі болып табылатын ол ҚР Президентінің «Ең дарынды өнерпаз» кубогының иегері.

### ЖЫЛ ӘНШІСІ – ЕРЖАН МАКСИМ.



Жас әнші Ержан Максим биылғы жылы Ресейде өткен «Голос. Дети» байқауында жеңіске жетті. Сонымен қатар, Ержан балалар арасындағы «Евровидение» байқауына қатысып, қазақ және ағылшын тілдерінде ән шырқап, жүлделі екінші орынға ие болды.

### ЖЫЛ СУРЕТШІСІ – АРЫСТАНБЕК ШАЛБАЕВ.



Танымал суретші Арыстанбек Шалбаев Алматы тұрғындары мен қонақтарының көзайымына айналған әл-Фараби даңғылы, 127 – Үлкен Алматы өзені маңында орналасқан «Әлемдерді біріктір» муралын қалпына келтірді. Мурал Алматыдағы жөндеу жұмыстары кезінде бүлінген болатын. «Әлемдерді біріктір» муралын 2015 жылы Қырғызстан суретшілерінің тандемі – «Doxa Art» тобы (Дмитрий Петровский, Сергей Келлер) салған болатын.

### ЖЫЛ ЗАҢГЕРІ – ДОСЖАН ӘМІРОВ.



Ақмола облыстық сотының төрағасы Досжан Әміровтың биылғы жылы «Қазақ үні» ақпарат агенттігінде жарық көрген «Мемлекеттік тілді білу – әрбір азаматтың міндеті» атты мақаласы қоғам тарапынан үлкен қызығушылық туғызып, оқырманның зор қолдауына ие болды. Себебі, бүгінгі таңда сот саласында Мемлекеттік тілдің үстемдігі байқалмайтыны белгілі. Досжан Әміров өз мақаласында сот саласының қазақ тіліне көшу керектігін ерекше атап өтіп, оның бірнеше жолдарын нақты көрсете білді. Оның бұл ісі әріптестеріне зор үлгі.

### ЖЫЛ ҰСТАЗЫ – ӘЛИЯ АХМЕТОВА.



Білім саласының қарқынды дамуы жолында қажырлы еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз. Белгілі педагог, Көкшетау қаласындағы «Таңдау» көпсалалы гимназиясының жоғары санаттағы тарих пәнінің мұғалімі. Қазақстандағы білім саласындағы олқылықтарды ашық сынаған Әлия Ахметовамен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсыруымен министр Асхат Аймағамбетов кездесіп, пікірлескен болатын.

### ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ – НҰРГЕЛДІ ӘБДІҒАНИ.



Abai.kz порталының бас редакторы Нұргелді Әбдіғани өткір мақалаларымен оқырманға жақсы таныс. Әсіресе, ұлттық мүдде мен Мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты мақалалары қоғамның қолдауына ие болып отырады. Соның бірі – қазақ тіліне қарсы шыққандар туралы «Қазақ тіліне қырын қарайтындар – өзіміздің айыртілділер» атты мақаласы «Қазақ үні» ақпарат агенттігінде жарияланып, оқырманның ыстық ықыласына бөленді.

### ЖЫЛДЫҢ ТІЛ ҚАЙРАТКЕРІ – ҚАЗЫБЕК ИСА.



Белгілі ақын Қазыбек Иса «Қазақ үні» ЖШС президенті болғанымен, «Жыл адамы» сауалнамасына еш қатысы жоқ екенін редакция ұжымы атынан мәлімдейміз. Үздіктерді анықтау барысында жиылған оқырмандар хаты мен смс хабарламалар нәтижесінде, сондай-ақ белгілі қоғам қайраткерлері кіретін арнайы сараптамалық топтың шешімімен осындай таңдау жасалып отыр. Оның басты себебі, биыл Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысында Қазыбек Иса Мемлекеттік тіл мәселесін көтерген болатын. Бұл – қазақ тілі мәселесінің Президент деңгейінде алғаш рет көтерілуі. Өз сөзінде ол мемлекеттік тіл туралы заңның қабылдану керектігін, орыс тілін ресми тіл статусынан айыру қажеттігін айрықша атап өтті.

### ЖЫЛ ДӘРІГЕРІ – БАУЫРЖАН РАҚЫШЕВ.



Жас та болса еліміздің медицина саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқан білікті маман. Кардиохирург, «Болашақ» бағдарламасының түлегі, А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия орталығының бөлімше меңгерушісі. Бауыржан биылғы жылы «Жүз жаңа есім» жобасының жеңімпазы атанды.





### ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ – НҰРҚОЖА ҚАЙПАНОВ пен БЕКЗАТ НҰРДӘУЛЕТОВ.

**Нұрқожа Қайпанов** – Сиянда өткен Азия чемпионатында еркін күрестен бірінші орынға ие болып, қазақ күресі тарихында ең жас (21 жаста) Азия чемпионы атанды.

**Бекзат Нұрдәулетов** – Екатеринбургта өткен бокстан әлем чемпионатында алтын медальды иеленген жалғыз қазақ боксшысы. Финалға жолдама алу үшін Бекзат 2016 жылы Олимпиада чемпионы атанған кубалық Хулио Сесара Ла Круспен қолғап түйістіріп, айқын басымдықпен жеңіске жетті.

### ЖЫЛ ДИАСПОРА ҮЗДІГІ – ВЛАДИСЛАВ ТЕН.



Елордадағы «Лингва Тен» тілдерді оқыту коучинг орталығының, «Мәміле-Тен» қазақ тілін оқыту астаналық клубының бас директоры. Оның қазақ тілін қалай тез меңгеріп алуға болатындығы туралы мақалалары оқырманның үлкен сұранысына ие. Владислав бір жылда қазақ тілін еркін меңгеріп қана қоймай, елорда тұрғындарына да қазақ тілін үйрету бойынша дәрістер өткізіп келеді.

# ӨТКЕН ЖЫЛ ЕЛЕУЛІ ӨЗГЕРІСТЕРІМЕН ЕСТЕ ҚАЛАДЫ

**Уақытқа билік жүрмейді, оны ешкім тоқтатып, немесе одан ешкім озып кете алмайды. Міне, кезекті бір жылды артқа тастап, тағы да бір кезеңнің табалдырығын аттамақшымыз. Тәубәшіл қазағымыз «Өткен жылға өкпе жоқ!» деп жататыны бар. Шүкір, еліміз аман, жеріміз бүтін! Бұл біздің биылғы – басты жетістігіміз. Әр жылдың өзіндік сыйы, өзіндік тартуы болатыны белгілі. Өткен жыл қазақстандықтар үшін өзінің елеулі өзгерістерімен есте қалары сөзсіз...**

Әрине, қазақ атамыз, жалпы Шығыс халқы жылдың басын күн мен түн теңелген 22-наурыздан бастайтыны белгілі. Әлемдік қауымдастық 1-қаңтарды жыл басы деп есептеген соң біз де олардан бөлініп кете алмаймыз. Қалай десек те, бір жылдың өзі бір белес екендігі даусыз. Жаңа жылға аяқ басарда өткен жылда не бітірдік, қандай жетістіктерге жеткеніміздің ой елегінен өткізіп, есепке алып қойған да артықшылық етпейді.

Өзгеріс деп бөле-жара айтуымыздың басты себебі – алдымен еліміздегі саяси жағдайға байланысты екені белгілі. Отыз жылға жуық елімізге басшылық жасаған Қазақстанның тұңғыш президенті – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылы 19 наурызда халыққа үндеу жолдап, мерзімінен бұрын президенттік өкілеттігін тоқтататынын мәлімдеуі жылдың ең басты күтпеген саяси жаңалығы болды десек жаңылыспаймыз.

Мұндай жағдайда ҚР Конституциясына сәйкес, ҚР Президенті болып Сенат Төрағасы тағайындалады. 20 наурыз күні Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президентінің міндетін атқарушы ретінде ант қабылдады. Ант қабылдау рәсімінде Тоқаев өзінің алғашқы жарлығымен Н.Назарбаевты Халық қаһарманы мен Еңбек ері атақтарымен марапаттады. Сонымен бірге, Астана атауын Нұр-Сұлтанға ауыстырып, республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарының орталық көшілерін Назарбаевтың атымен атауды ұсынды. Қазақстанда 9 - маусымда кезектен тыс өткен президент сайлауында биліктегі «Нұр Отан» партиясының кандидаты Қасым-Жомарт Тоқаев жеңіске жетіп, 12 маусымда ұлықтау рәсімі өтті.

Қазіргі жаһандану заманында адамзат демократиялық қоғам құруды басты мақсат тұтып отыр. Дамыған мемлекеттер сияқты біздің еліміз де демократиялық бағытты таңдап, алғашқы қадамдарын бастады, бұқара халықтың бүгінгі талабы да осы. Соған орай қоғамды басқаруға деген қарапайым халықтың белсенділігі де жылдан жылға артып келеді. Көпбалалы аналар, қоғам белсенділері бастаған тұрғындар митингілер өткізіп, өз талаптарын қоюда. Осыған орай, халықтың ой-пікірін, ұсыныстарын білдіре алатын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құру туралы ҚР Президентінің жарлығы шығып, оның 44 мүшесі ресми бекітілді. Кеңес экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелер бойынша үш топқа бөлінген. Олардың қатарында көпшілікке танымал экономист Мұхтар Тайжан, белгілі ақын, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары Қазыбек Иса, саясаттанушылар, қоғам қайраткерлері Расул Жұмалы, Айдос Сарым, адвокат Айман Омарова және өзге де тұлғалар бар. Ұлттық кеңестің екі отырысы өтіп, көпшілікті толғандырған бірқатар саяси-қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер талқыланды.

Қарапайым халықтың тұрмыстық мәселелерін шешетін әлеуметтік салада да сең қозғалған секілді. Тұрмысы төмен отбасыларға, көпбалалы аналарға, мүгедектерге арнайы берілетін арнаулы көмектің көлемі ұлғайтылып, төлеу қабілеті төмен мыңдаған адамдардың несиелік қарызының бір бөлігі мемлекет есебінен өтелді. Алдағы жылдары қатардағы адамдардың тұрмысын жақсартуға арналған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бірқатар жоспарлар белгіленді. Енді сол бағдарламаларды нақты іске асыру міндеті тұр.

Соңғы жылдар рухани жаңғыру бағдарламасы іске қосылып, халқымыздың ежелгі тарихы мен мәдениеті, озық өмірлік салт-дәстүрін насихаттау жолға қойылды. Ұлтымызға еңбегі сіңген Алаш арыстарының, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің есімі ардақталып, бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынyла бастады.

2019 жыл еліміздің тарихында алғаш рет «Жастар жылы» болып жарияланғаны белгілі. Мемлекетіміздің ертеңгі тірегі жастарымызды қолдау маңызды іс. Әрине, бір жылда жастардың бүкіл мәселесін шешіп тастау мүмкін емес. Оларды баспаналы ету, жұмыспен қамту, сапалы білім, саналы тәрбие алуына кеңірек жол ашу қажет. Оған бір жыл емес, тұрақты назар аударғанымыз жөн. Сонда ғана біз мемлекетіміздің болашағына сенімді боламыз. Еліміздің атақ-даңқын әлемге паш ететін де сол жастар. Соның бір айқын көрінісі, ұлтымыздың мақтанышы – Димаш Құдайберген. Димаштың әндеріне әлемнің төрт бұрышы түгелдей қол соқты. Жапония, Қытай, Германия, Америка сияқты дамыған көптеген елдердің талғампаз көрермендері оны үлкен қошаметпен, Қазақстанның көк туын көтеріп қарсы алды. Қазақтың әндерін әлемге танытып, ұлттық өнеріміздің өрісін кеңейткен Димаш Құдайберген биыл Тәуелсіздік күніне орай «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атанды. Бұл өткен жылдың еншісіндегі қуанышты сәттеріміздің бірі, сондықтан өткен жылға өкпеміз жоқ дей аламыз.

Жыл санау бойынша келесі «тышқан жылы» болмақ. Ата-бабаларымыз ежелден тышқан жылын береке, ырыс, татулық пен тыныштықтың жылы деп санаған. Халықтың бұл сенімінде негіз де жоқ емес. Тышқан жылының мыңдаған жылдық тарихына назар аударсаңыз, оның негізгі басым бөлігі аштықсыз, жаугершіліксіз, қиындықсыз, молшылықта өткеніне көз жеткізесіз, халық үшін жайлы болған. Сарапшылар, болашақты болжайтын біліктілердің де айтуы бойынша келер жыл қазақ елі үшін табысты, жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Тұрмысы төмен адамдар жұмысты, баспаналы болып, халқымыздың рухани, мәдени дамуына да мол мүмкіндіктер туады дейді. Ләйім солай болғай, әрбір қазақтың отбасында бақ пен береке орнасын!

**«Қазақ үні»**

## И.ӘБІШЕВТІҢ СОТТАҒЫ СӨЗІ:

# «МЕНІ ҚАЛАЙ ДА СОТТАУ КЕРЕК БОЛСА, БАСҚА АЙЫП ТАҒЫҢДАР, МЕН БІРДЕН МОЙЫНДАЙМЫН...»

**Мен 2012 жылы Су ресурстары комитетіне төраға болып келгенімде, сол жылға бекітілген жұмыс көлемі бойынша, бюджеттен 397 млрд. теңге игерілуі тиіс екен. Біз соның 300 млрд. теңгесін мемлекетке қайтарып беріп, 93 млрд.теңгемен жоспарланған жұмыстың бәрін бітірдік. Менің де барлық проблемам осы 2012 жылдың аяғында басталды... Сол кезде айналымнан шыққан суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру туралы мемлекеттік бағдарлама қолға алына бастады. Оған сәйкес 1,5 трлн. теңге игерілетін болған, мен бірақ 1,5 трлн. теңгеге бірден қарсы шықтым-дағы, маған «онда сізбен жұмыс істесе алмайды екенбіз!» деген соң, арызымды жазып, жұмыстан шығып кеткен едім... Жалпы, елімізде 1991 жылдан бері 1 млн. га суармалы жер жарамсыз болып, айналымнан шыққан. Колхоз, совхоздар тарап кеткен соң, бұрынғыдай техника жоқ, жеке шаруалар игере алмай қалған. Алматы, Нұр-Сұлтан секілді қалаларға қаптаған жас жігіттер қайдан келіп жатыр дейсіз, ауылда жұмыс жоқ болған соң келіп жатыр...**



2014 жылы мен Елбасымыз Н.Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен өз орныма қайтып келдім. Мен жұмыста болмаған 9 ай ішінде баяғы 1,5 трлн. теңгеге игерілетін бағдарлама қабылданды. Үкіметтің қаулысы, ақырында Президент қол қойған Жарлық та шықты. Мен жұмысқа қайта қабылданар алдында Президенттің қабылдауында болғанмын, сол кезде Нұрекеңе «біз бұл бағдарламаны 500 млрд. теңгеге игере аламыз және сол ақшаға одан да көп көлемде игереміз» дедім. **Ол кісі: «Жұмысқа кіріс, осы айтқан сөзіңнің үдесінен шық!» деді.** Мен 2014 жылы сәуірде жұмысты қабылдасам, сол жылы 19-қарашада Президенттің алдында 45 минут отырып, 1 трлн. теңгенің артық екенін дәлелдеп бердім.

**Біріншіден**, бағдарламада 60 мың гектар суармалы жерді қайта қалпына келтіру көзделсе, **біз оның орнына 610 мың гектарды қалпына келтіреміз** дедім.

**Екіншіден**, біздің елде су ресурсы жетіспейді. Бұл – әлемдік проблема. Бұрынғы бағдарламада 900 млн.текше метр су үнемделуі көзделсе, **мен Президентке 2,4 млрд.текше метр су үнемдейтінімізді** дәлелдеп бердім.

**Үшіншіден**, 1,5 трлн. теңгеге 600 млн.текше метр көктемгі тасқын, апатты су жинақталатын болса, біз **500 млрд.теңгеге 1,9 млрд. текше метр суды жинақтай аламыз** дедім. Егер мен қызметіме қайтып келмегенімде, 2015-2016 жылдары үкіметпен айтысып жүріп дәлелдемегенімде, қазынаның қыруар ақшасы қолды болып кете берер еді....

*– Қорғаушы А.Құспан: Сізді Елбасы қандай негізбен қайта тағайындады – арыз жаздыңыз ба, қабылдауына кірдіңіз бе, әлде басқаша болды ма?*

– 2014 жылы 1,5 трлн. теңгелік бағдарлама қабылданғаннан кейін, ол баспасөз бетінде жарияланды. Кәзір осы сот залында отырған «Время» газетінің тілшісі Зәуре Мырзақожаева куә, мен Үкіметтің сайтына «мына бағдарлама дұрыс емес, қаржы мөлшерден артық есептелген» деген пікірімді салдым. Ол пікірім үкімет сайтында бір сағат қана тұрды, бірақ, сол кезде «Время» газетінің басшылығы көріп қалған екен, олар Шымкенттегі тілшісі З.Мырзақожаеваға тапсырма беріп, мен оған өз ойымның шет жағасын айтып, сұхбат бердім. Газеттегі мақала Елбасыға жетіпті, ол кісі мені шақырып алып, қызметіме қайта қойды. Бұрыштамасы былай: «И.Абишев – один из грамотных руководителей-практиков страны. Вернуть на прежнюю должность как несправедливо уволенный».

2012 жылдан аяғынан бастап маған қысым жасап, мені қудалау, соңыма түсу басталды. «Ондай болған жоқ» деушілер табылса, мен бұл сөзімді дәлелдеп бере аламын. Оған дейін де түскен ғой, таусылмайтын тергеудің астында жүргенмін, бірақ, содан бергісі сотқа жеткізіп жығылды...

Шәймерденов деген бала 2018-жылдың көктемінде пайда болды. Ал, СМП-610 деген мекемені білетінбіз, оны португалиялық азамат басқаратын. Халыққа су керек болды, сол себепті СМП-610-ға 2018 жылы қаржы көбірек, 2,5 млрд. теңге бөлінді. Бірақ, наурыз, сәуір, мамыр өтті, СМП-ның жұмысы мандымады. Біз мазасыздана бастадық. Өйткені, бұл істі облыс әкімдігінен бастап, үкімет, парламентке дейін қадағалап отырды. Ең қиын жағдай осы нысанда қалыптасты. Сол себепті, бізге маусым, шілде айында Шәймерденовпен жиі кездесуге тура келді. Бірақ, оның «өйтемін де бүйтемін» деген көп уәдесінің ешқайсысы орындалмады. Соған байланысты, тамыз айында біз СМП-610-мен жасалған келісімшартты бұзуға мәжбүр болдық.

Шәймерденовтің өзіне келер болсақ, ол маған танысқан кезде өте сүйкімді, жылы сөйлейтін, мәдениетті, тәртіпті адам болып көрінді. Осынша жасқа келгенімде адам танымай қателескен екенмін, оның шын бейнесін бұрыннан істес болған жандардың куәлігінен енді біліп жатырмыз ғой... Португалиялықтармен жұмыс істеп жүрген, компаниясы проблемаға тап болған, талапты жас жігіт екен деп ойладым. Қазақты әрбір баласының кішкентай табысына мен өзімнің туған бауырымның қуанышындай қараймын, құрметті сот. Біздің СМП-ға жылдың басында жұмыс бастауы үшін бөлген 450 млн. теңгеміз «Астана-банкке» барды да, шықпай тұрып қалды. Оған жаным ашып жүрді менің. Неге біз келісім-шартты бұзуды тамызға дейін создық? Мен оның «түріктерді әкелемін, басқаларды әкелемін» деген сөзіне сендім. Күз келіп қалған соң келісім-шартты бұзбасқа амалымыз қалмады. Біздің комитеттің құрамында 2,5 мыңға жуық техникасы, 18 мыңға дейін жұмысшысы бар «Қазсушар» деген қуатты мемлекеттік компания бар, «соған субмердігер болып істей берсеңіз ғой» деп жаным ашып жүр оған... 2,5 млрд.теңгенің 1 млрд. теңгесін өзге мекемелерге бердіктағы, қыркүйек, қазан, қараша айында «Қазсушар» 1,5 млрд. теңгенің жұмысын бітіріп, топтама су құбырының жоспарындағы 70-80 елді мекеннің 20-30-ына су құбырып апарып, қоғамдық-әлеуметтік сұранысты орындап шықты.

Ал, Шәймерденов болса, бізді сотқа берді, мен оған да түсіністікпен қарадым, біз сотта жеңіп шықтық, үстімізден арыз жазды, оны қаржы бақылау комитеті тексерді, осындай нәрсенің бәрі болды. Оның қайта-қайта маған жолыққысы келіп жүргені, атқарған біраз жұмысы бар-тұғын. Біз соны төлеуіміз керек. Бірақ, сол жұмысты қабылдап алатын біздің мамандар «жұмыс толық атқарылған» деп қол қоймайынша, біз ол ақшаны төлей алмаймыз!

*– СМП-мен 2018 жылға дейін қалай жұмыс істеп едіңіздер?*

– Мен оның арыз жазып, «2014 жылы Әбішевке 1 млн. доллар арыз бергенмін» деген сөзін құлағыма кыстырмаймын да, себебі ондай нәрсе менің табиғатыма жат! Ақыры, өзінің өтірігі шығып, іс қылмыс құрамы жоқ деп қысқартылды ғой. Біз СМП-610-мен алғаш 2014 жылы, 7,6 млрд. теңгеге шарт жасастық. Сол жылы біраз жұмыс істеді. Сомасы есімде жоқ. 2015 жылы да біраз жұмыс істеді. Естеріңізде болса, сол жылы тамыз айында девальвация болды, мұнайдың құны түсіп кетті. Тамыз айында Елбасының «құрылыс жұмысының 80 пайызы дайын болған нысандарын ғана бітіріңдер, аса бір қажеттілері болмаса, қалғанының бәрінің жұмысын тоқтатыңдар, жаңа нысандарды бастамаңдар, қаржы жоқ» деп берген тапсырмасы бар. СМП-ның ақшасын да сол кезде басқа бітпегендермен бірге алып тастадық. 2016 жылы да қаржы бөлінген жоқ. 2017 жылы қаржы бөлінді. Құрметті сот, жылдың басында бөлінген ақшамен, жыл соңында жұмсалған ақшаны тексеріп көруге болады – 50 пайызын да игерген жоқ олар. 2017 жылғы жағдайды айттым, тамыз айына бар болғаны 37 млн. теңгенің жұмысын істеді!

*– Шәймерденов сізбен кездескен кездерінде келісім-шарт бұзылғанға дейін істелген жұмысының ақшасын сұрап жүр ғой, солай ма?*

– Иә, олар 100 млн.теңгеге жуық жұмыс істеді. Бірақ, құбыр салумен іс бітпейді ғой, оның задвижкасын қою керек, топырақтың құнарлы қабатын қалпына келтіріп төсеу керек, осындай біраз жұмыстары болады, соларды жасалмаған соң, біздің мамандар қол қоймаған. Ол маған «Дипломат» қонақ үйінде болсын, «Қазсушарда» болсын, сол ақшасын төлетуді сөз етіп жүр. Мен, құран ұстап та айта аламын, қазақтың баласы ғой деп, жігіттерге «жәрдем беріп жіберсеңдерші, ақшасын алсын да» деп жүрдім. Бірақ, олардың ешқайсысы баспай қойды... Екеуміздің арамызда басқа ақша жайлы сөз болған емес, болуы да мүмкін емес!

*– Енді сізге «Қазбайлық-Астана» мекемесінен Шәймерденов арқылы 60 млн. теңге пара алуға оқталды» деген тағылған нақты айып бойынша. Айыптау актісіндегі мына екі пункт бойынша сіздің пікіріңізді білгім келеді. Соның ішінде сіз Су ресурстары комитетіне төраға болып келген кезіңізде «бекітілген қызметтік міндеттерін бұзды» деген айып тағылған. 1-пункт: «Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай тудыратын әрекеттерге жол бермеуге». 2-пункт: «Өз құзыреті шегінде комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін бағытталған шараларды қабылдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін бағытталған шараларды қабылдауда дербес жауапты болуға». Міне, осы екі талапты бұзған деген айып тағылған. Сіз бұған не деп жауап берісіз – келісесіз бе, келіспейсіз бе?*

– Құрметті сот, мен бұл сұраққа былай жауап беремін. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің түпкі мақсаты не? Түпкі мақсаты – мемлекеттің, яғни, халықтың қаржысын талан-таражға түсірмеу. Маған тағылған айыптың өзі дұрыс деген күннің өзінде, мен қай жерде мемлекетке бір теңге зиян келтіріппін?! Құрметті сот, өзіңіз ойланып көріңізші, Қазақстанның 227 млн.гектар жерінің ішінен 610 мың гектар жерді қалпына келтіретін, пәленбай су қоймасын қалпына келтіретін, т.б. көптеген жұмыс көлемі көзделген, 1 трлн.500 млрд.теңгеге жоспарланған бағдарламадан 1 трлн. теңгенің артық салынғанын дәлелдеп алатындай болып есептеп шығару дегеніңіз қанша еңбек! Және ол біздің тікелей міндетімізге кірмейтін шаруа ғой! Біз қабылданып қойылған бағдарлама бойынша жұмыс істей беруімізге әбден болатын еді. Соншама қыруар жұмысқа басшы болып, қанша жүздеген маманды тікелей қызметтік міндетіне кірмейтін, ешкім ол үшін бір теңге еңбекақы төлемейтін шаруамен күн-түн демей айналысуға үгіттеп, көздерін жеткізіп, өзіне де, өзгеге де табандатқан жеті ай бойы тыныштық бермей жұмыс істеген адам, енді келіп сол еңбегінің бәрінің быт-шытын шығарып қиратып тастады дегенге қалай сенуге болады? Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің

ұлттық бюросы 2017 жылы 14 млрд. 780 млн.теңгені, 2018 жылы 16 млрд.теңгені талан-таражға ұшыраудан аман алып қалдық деп есеп беріпті. Соңғы 20 жылда орта есеппен 15 млрд. теңге деп есептесек, бүкіл қаржы полициясы жабылып жүріп, мемлекеттің 300 млрд. теңгесін үнемдепті. Ал, мен басшылық жасаған бір ғана комитет және бұл біздің комитеттің тікелей қызметтік міндетіне кірмесе де, 1 трлн. 300 млрд. теңге үнемдепті. Сонда кім күресіп, кім күреспей жатыр? Ұлттық бюроның мені және Түкеевті он айдан бері түрмеде ұстап отырғаны тырнақтың астынан емес, астының астынан микроскоппен кір іздеп, бәле жабу екенін сезінемін. Мен тергеушілерге, Ағибаевқа да, Аташовқа да айттым: «Мақсаттарың қалайда мені соттау болса, сендер маған бұл айыпты тақпаңдар. Оның орнына біз салған бір нысан бетоны дұрыс құйылмағаннан құлап қалыпты деп кінә тағыңдаршы, мен тергеусіз-ақ мойындайын, ал, сендер мені соттай қойыңдар. Бірақ, мына айыптаумен мен сотталмаймын. Атып тастайтын болсаңдар да мойындамаймын! Өйткені, бұл менің адамдық ұстанымыма қарсы, азаматтық қағидама қарсы, менің болмыс-бітіміме қарсы. Мен жемқорлық дегенмен жан-жәніммен күресіп келген адаммын. Сендерге мені қалай да соттау керек пе, жұмысымнан басқа бір кемшілік табыңдар, таба алмасаңдар өзім-ақ тауып берейін. Айыптауды өзгертіңдер дегенмін.

*Абзал Құспан: – Сіз Шәймерденовпен неге жұмыс уақытысында жұмыстан тыс жерде екі рет кездестіңіз, мысалы, 2018 жылдың 14 желтоқсанында деген сұраққа жауап бере кетсеңіз?*

– Иә. Мен Тәуелсіздік мерекесінің алдында марапатталған болатынмын. Көңіл-күйім жақсы. Бірақ, менің болмысымда аста-төктік деген қасиет жоқ. Құдайға шүкір, төрт қыз ұзаттым, соның бәрінде де шымкенттікпен ғой деп, тойға пәлен жүз адам шақырған емеспін. Мына жолы да сөйттім. Азғантай адаммен «жуып» отырғанбыз. Анау Асылжан Жампозовтың әкесі «Қазсушар» мекемесін басқарды. Өзін-өзі атып өлтірді. (Пайғамбар жасына келгенде жабылған жалаға шыдамай, жазықсыз түрмеде отырғанша «өзімнің адал екенімді осылай болса да дәлелдейін» деген оймен – Ө.А.) Екі хат жазып қалдырыпты, біреуі – үйіне, біреуі – маған. Бала-шағасын аманат етіп тапсырыпты. Сондықтан, мен оны өз ұлымдай көремін. Сол жерде шәй құйып, қызмет етіп жүрген Асылжан маған: Азамат (Шәймерденов) бір минутқа кіріп, құттықтап шығуға рұқсат сұрап жатыр деді. Қалай «жоқ!» дейсіз?.. Ал, оның «мені шақырып алды» дегені далбаса. Оның бұл жиын жайлы қайдан білгенін ойланып жүріп, осы кеше ғана түсіндім. Догадался. Менің телефон қоңырауымның бәрі тыңдалған ғой. Ол соны біліп алған да, келуге сұранған. Ақшасын ала алмай, қаны қарайып жүр ол, ал, менің көңіл-күйім жақсы, соны пайдаланып қалайын деген ойы болған ғой.

*(Жалғасы бар)*

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

■ TUSAÝKESER

# БАУЫРЖАН РУХЫ ҚАЙТА СІЛКІНДІ



**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде Алматы қаласы Медеу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор, запастағы полковник Ким Серікбаевтың мұрындық болуымен Александр Бектің орыс тіліндегі «Волоколамск тас жолы» кітабының жаңа басылымының тұсаукесері өтті.**

